Бұрынғы КСРО-ның аймағында 1985 жыл мен 1990 жылдар аралығында 742 факті бойынша жаппай тәртіпсіздік тіркелген. Бұл жаппай тәртіпсіздік біздің еліміздің болашағына, оның гүлденуіне қауіп төндіреді еді және қоғамда әлеуметтік-психологиялық атмосфераны тұрақсыздандырар еді, нәтижесінде ұлттың әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік адамгершілік перспективасына әсер етуі мүмкін еді.

Осыған байланысты мемлекеттің қалыптасуы мен дамуының бастапқы кезеңінде ішкі тұрақтылық пен қауіпсіздіктің негізгі факторы – қызметті-жауынгерлік, арнайы және саяси міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін Мемлекет басшысының Жарлығымен 1992 жылы 10 қаңтарда құрылған Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлері (әрі қарай ҚР ІӘ) болатын.

Олардың құрылуы 1993 жылы 11 ақпанда қабылданған алғашқы егеменді мемлекеттің құрылуы кезеңінде әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыруға бағытталған Әскери доктринаның құрылуымен сайма-сай келді. Осыған дейін ІӘ КСРО-ның ІМ құрамына енген болатын және КСРО-ның ІМ ІӘ Басшылығының Бас басқармасына бағынған, ал саяси басшылықты Мәскеудегі әскерді бас саяси басқармасы (әрі қарай – БСБ) жүзеге асыратын [1].

Осы кезеңде жедел және әскердің арнайы милициясының моторланған бөлімдері (әрі қарай – МАМБ) жергілікті жерде және одан тыс жерде жедел және қоғамдық-саяси қиындықтар жағдайында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша жауынгерлік қызметті орындады.

Ферғана және Алматы жедел бригадалары, Ташкент жедел полкі, Қарағанды, Павлодар милициясының арнайы батальоны және Шымкент жедел полкі милициясының патрульдік батальоны Таулы Қарабах пен Әзірбайжан Республикасындағы Армения жақтағы аудандарда төтенше жағдай режимін қолдау бойынша әскери жағдайда күрделі міндеттерді лайықты орындады. Бішкек милициясы полкі мен Ош арнайы батальоны ұзақ уақыт бойы Ош облысы мен Қырғыз Республикасындағы Узгене қаласында төтенше жағдай режимінде тәртіпті қолдау бойынша қойылған міндеттерді сәтті

орындады. Үкіметтің тапсырмасын орындауда ерлік пен батырлық танытқаны үшін жедел және МАМБ 66 әскери қызметшісі үкімет марапатына ие болса, олардың басым тобы жауынгерлік марапатқа ұсынылды.

ІӘ ұйымдастырушылық-штаттық құрылымы жалпы алғанда орындалған міндеттер көлеміне сай болды: 13 қойманы күзету бойынша, оның ішінде 3 қойма мен 10 арнайы қойма; Алматы, Бішкек, Ош, Қарағанды, Павлодар, Шымкент, Ташкент, Ашхабад, Душанбе, Ходженте, Новой, Чарджоу қалаларындағы арнайы бөлімдерде қоғамдық тәртіпті күзету бойынша; түзеу-еңбек мекемелері (әрі қарай – ТЕМ) нысандарын күзету бойынша сотталғандарды, сонымен қатар, қамауға алынған тұлғаларды айдауылдау. Жеке құрамның барлығы жауынгерлік қызметке тартылды, әскери жасақ пен қарауыл саны күзету мен бақылау жоспарына сай болды, бір әскери қызметшінің қызметтік жүктемесі 7 сағатты құрады. Әскерде әскери қызметтің жалпы көлемі 2633,7 тәуліктік бекетті құрады [2].

1992 жылы 7 ақпанда Қазақстан Республикасы аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімі мен Қазақстан Республикасының министрлер кабинетінің меңгерушісі Ю.И. Обрядинге № 11/134 Қазақстан Республикасының ІӘ Басшылығы басқармасы дайындаған «Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлері туралы» заң жобасы жіберілді.

Мына ұсыныстар жіберілді:

- Қазақстан Республикасының ІӘ туралы заң қабылдансын, бұл заңда әскердің мәртебесін, міндеттерін, құқықтары мен міндеттерін, өзара әрекет ететін органдармен қатынастардың құқықтық негіздері, басқару жүйесі, құрылымы, орналасуы, жеке меншіктік, қаржыландыру, материалдық-техникалық және зейнетақылық қамтамасыз ету, медициналық қамтамасыз ету, әскери қызметшілер мен олардың отбасын құқықтық-және әлеуметтік қорғау;

- Қазақстан Республикасы Конституциясы талап ететіндей, ішкі әскерлердің Қазақстан Республикасының Президентіне бағынуы және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің бақылауына қою, КСРО-ның Президенті М.С.Горбачевтің 1991 жылғы 18 қарашадағы «КСРО ІМ ішкі әскерлері туралы» Жарлығында республика ІМ әскерінің (милицияның арнайы бөлімі мен ТЕМ-ді күзету бойынша бөлім) бағынуы мен ІӘ өзара республикалық ІӘ құруы туралы айтылған, бұл, әрине, көңілге қонбайды [3].

Осы жағдайда тарих көрсеткендей, ІМ басшылығында жеке құрамды мақсатқа сай емес пайдалану, жауынгерлік қызметке зиянын тигізетін оқу мен қызметтен алыстату, ТЕМ әкімшілігі колониядағы кіру режиміне әсер ету мүмкіндігіне ие болады, жауынгерлік қызмет жарғысында кемшіліктер жіберіледі, күзетілетін нысандарды жабдықтандыру мәселесінде жауапсыздық етек алады, ал әскерге киіммен, техникамен, пәтерге төлнентетін ақымен қамтамасыз ету мәселесі (яғни, қалып қою принципі) екінші орында қалып қояды. Мұның барлығы нәтижесінде әскердің біліктілігінің төмендеуіне әкеліп соғады, оқып-үйрену, әскердің жауынгерлік және мобилизациялық дайындығының деңгейі басатөмендейді деген мәселелер Қауіпсіздік кеңесінде

Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлері қолбасшысы генерал-майор В.В Гордеевтің баяндамасында айтылды.

Бұл тәсіл арқылы бірыңғай әскери ағза іспеттес бір бастыққа бағыну принципіне негізделген орталықтандырылған басқарма, жеке құрамды оқыту мен тәрбиелеуде, офицерлер, прапорщиктер, сарбаздарды дайындау мен қызметті атқаруда «Жалпы әскери міндеттер мен әскери қызмет туралы» заңның негізіндеішкі әскерлердің ұйымдастырушылық құрылымы мен бүтіндігін сақтауды көздеді. Сондықтан да 1976 жылға дейін Республика Президентінің тікелей қарамағында болған сияқтыҚазақстан аймағында тұрақтағанішкі әскерлер бірыңғай басшылықта болу керек болды, Республиканың Жоғарғы Кеңесі бақылауында және Ішкі істер министрінің жедел қарамағында болуы керек болды.

Ішкі әскерлер қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындау үшін заңда қарастырылған жеке әскери ұйым болып табылады, қысқа мерзімде жаңа жағдайда әскер өмірі мен әрекетіне бағыттайтын негізгі жетекші құжаттар мен бұйрықтарды, әсіресе, Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлердің жауынгерлік қызметінің жарғысын (әрі қарай ЖКЖ) дайындау қажеттілігі туды. Осыған байланысты 1992 жылғы 29 шілдедегі №153 бұйрықпен Әскер қолбасшысының бірінші орынбасары генерал-майор А.И. Филистович төрағалығымен комиссия құрылған болатын.

Аталмыш жұмыс өткен жылдардағы құжаттар дайындау тәжірибесі есепке алынып дайындалды, бұл ретте төтенше жағдайлар режимінде ішкі әскерлерді қолдану бойынша отандық тәжірибе негізге алынды. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Ішкі әскерлер басқармасы жүйесін жүзеге асыру мақсатында 1992 жылы 28 қазанда әскер Қазақстан Республикасы Ішкі істер министріне бағындырылды, олар әскерге жалпы басшылық етуді жүзеге асыратын және қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындауды, қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті әрі қарай нығайту қажеттілігін есепке ала отырып, өз жауапкершілігіне алған ІӘ Қолбасшысы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің орынбасары қызметін қоса атқарып, әскерді тікелей басқаруды қамтамасыз етті. Бұл лауазымға генерал-майор В.В. Гордеев тағайындалды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің саяси шешімімен сержанттар мен сарбаздардың психологиялық жағдайдағы белгілі бір нақтылыққа қол жеткізген көптеген мәселелер мен сұрақтар шешілді, бұл офицерлердің, прапорщиктердің, сарбаздардың қызметтік әрекетте негізгі нормативтердің пайда болуына мүмкіндік берді.

Осыған байланысты олардың қалыптасуының алғашқы кезеңінде басқару органдарының, Ішкі әскерлерінің құрамалары мен бөлімдерінің жауынгерлік және мобилизациялық дайындығын қолдауды ұйымдастыруға негізгі салмақ түсті, жедел-қызметтік міндеттерді күнделікті орындаудайындығына бағытталды:

тасымалдауда маңызды мемлекеттік нысандар мен арнайы жүктерді күзету;

түзету мекемелерін күзету, сотталғандар мен қамаудағыларды айдауылдау;

тұрғылықты жерлерде қоғамдық тәртіпті қорғауда ішкі істер органдарымен бірлесе отырып қатысу, төтенше жағдайдың құқықтық режимінде және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысу, төтенше жағдай салдарын жоюға қатысу (табиғи ірі апаттар мен катастрофа);

соғыс уақытында Қазақстан Республикасының аймақтық қорғанысы жүйесінде жеке міндеттерді орындау;

заңсыз қарулы құрылымдармен күрес;

қауіпті құқық бұзушылықты, диверсияны, террорлық актілерді, қарулы қақтығыстарды тоқтату және қарама-қарсы тараптарды айыру, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңында көрсетілген әскерге жүктелген басқа да міндеттерді орындау.

Қиындықтарға қарамастан 1992 жылы әскерде қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындауда кемшілік болмады. Жауынгерлік қызметті атқару барысында олар қоғамдық тәртіпті бұзған 9273 бұзақыны ұстады, оның ішінде 1413 адам қылмыс үшін ұсталды, күзетілетін мемлекеттік маңызды нысандарға ену фактісі орын алмады.

Айдауыл бөлімдері қылмыстық контингентпен толықтырылған 43 мың адам құрайтын 55 ПМ ТЕМ күзетуді қамтамасыз етті. 6 облыстың сот мәжілісі залында, Қазақстан Республикасының Жоғарғы және әскери сотында, 3 гарнизондық әскери трибуналдасотталғандарды күзетуді қамтамасыз етті, сотталғандарды 15 теміржол маршрутында тасымалдау кезінде күзету жүзеге асырылды, қоғамдық тәртіпті қорғау кезінде жедел-милициялық бөлімнің патрульдік жасақтары 9 облыс орталығында жасаған қылмысы үшін 465 адам ұсталды және 17 мың адам әкімшілік бұзушылық үшін ұсталды.

Өмірлік маңызды мемлекеттік нысандарды күзетуді арнайы бөлімдер қамтамасыз етті. Қаз КСР-ның Мемлекеттік құндылықтарды сақтау орны, КСРО-ның 60 жылдығы атындағы Маңғышлақ энергокомбинаты, «Луч» ғылыми-өндірістік қоғамы (Қазақстан Республикасындағы режимдікті анықтау тәртібі туралы 1992 жылғы 7 қазандағы № 883-32 ережеге сай ерекше маңызды нысандар тізіміне енгізілді), Ульбинск металлургия зауыты күзетуге алынды. Сонымен қатар, криминогендік жағдайдың күрделенуі жағдайында әскер Орал, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарында құқықтық тәртіпті қолдау факторларын тұрақтандыруда басым рөл атқарды [2].

Бірақ, Қазақстанның 16 желтоқсанда бір жылдығын мерекелегеннен кейінтәуелсіз мемлекетәскерінің жеке әрекеті кезеңінде белгілі бір жағдайда ұйымдастырушылық деңгей, бөлім мен бөлімшелерде әскери тәртіп жағдайы төмендей бастады, лауазымдық тұлғалардың бір бөлігі кәсіби жағынан жауапсыздық танытты, бірақ 1992 жылдың қорытындысы бойынша құқық бұзушылық орын алмады.

1992 жылы 11 ай ішінде жеке құрам арасында қылмыс көбейіп кетті, оның ішінде, әскери бөлімді өз еркімен тастау және жарғылық емес қарым-қатынас сияқты қылмыстар баса орын алды. Әскерде бейбіт күнде 32 адам қаза

тапты. МИ-8 екі тікұшағы апатқа ұшырап салдарынан мемлекетке 200 млн. сом шығын келді.

Әскерде тәртіп пен ұйымдастырушылықтың, қызметтік-жауынгерлік әрекет, тәрбие үрдісін басқарудың төмен болуының негізгі себептері Республиканың Қауіпсіздік кеңесінде егжей-тегжейлі және объективті бағаланды. Мәжілістің қорытындысы бойынша қабылданған шешімдер орын алған әрекеттер мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарының шекті қамқорлығы ретінде әскерде дұрыс қабылданды, басқарушылық құрам да оңтайлы қабылдады, бұл практикалық әрекеттің көп жақтарын түбегейлі қарастыруға, оған салмақты түзетулер енгізуге және жіберілген қателіктерді түзетуге баса назар аударуға мүмкіндік берді.

1993 жылы әскер жаңа ұйымдастырушылық-штаттық құрылымға көшті, Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті белгілеген шеңберде әскердің санын, басқарманың бригадалық звеносы құрылды. Бұл басқармалық қызмет мәселесін жедел және сапалы шешуге мүмкіндік береді [4].

1992 жылдың басында әскерде офицер кадрлардың жинақталуы көңіл көншітпеді. 1991 жылы әскерге академия мен әскер училищенің 369 түлегі келсе де (ал штатқа жыл сайын 160 адам қажет болды), 303 офицер (89,8%) тапшылығы болды, оның ішінде басшылық құрамда 127 офицер (41,9%), тыл мамандары – 94 офицер (31 %). Әскерде бос орындардың мол болуы жаңа әскери бөлімдердің құрылумен түсіндіріледі, бірақ бір кемшілігі, осы мәселені шешу үшін барлық мүмкіндіктерді қолданбау болып табылады.

Әскерде офицерлік лауазымдарды жинақтау бойынша сүбелі шараларды шеше отырып, әскердің басшылығы осы категориялар бойынша 20% бос орындарды жойды. Берілген жарғы орындалмады, оған офицер кадрлардың әскерден жаппай кетуінің жалғаса беруі негізгі себеп болды.

1994 жылы ТМД елдеріне 230 офицер ауысты, қызметке сай емес 82 офицер жұмыстан шығарылды, офицер әскери атағына кір келтірген 55 адам қызметтен кетсе, 11 офицер өз еркімен әскери бөлімнен кетіп қалды, сонымен қатар, 30 офицер ТМД елдеріне ауысып кетті.

Басты кемшілік офицерлер құрамын дайындайтын жедел курстарының жұмысы болып қала берді. Әсіресе, әскери қызметке таңдау барысында офицер ретінде прапорщиктер мен сарбаздар алынды (1994 жылдың соңында прапорщиктер мен сарбаздар 76,1%, өссе, бақылаушылар 76,5%-ға артты) [2].

Аймақта геосаяси жағдайлардың өзгеруіне байланысты экстремистік және халықаралық лаңкестердің қарулы құралымдары тарапынан ұлттық қауіпсіздікке қауіп төнуі мәселесі пайда болғаннан кейін біздің мемлекетіміздің әскери саясатын өзгерту қажеттілігі туды. Осы себепке байланысты 1999 жылы желтоқсанда Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі стратегиясы бекітілді, ал 2000 жылы 10 ақпанда Президент Н. Ә. Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстанның жаңа доктринасы бекітілді, ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара шеңберінде әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, агрессия кезінде қорғанысты ұйымдастыруға бағытталды, сонымен қатар, ұжымдық әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша мемлекет-одақтастармен күш-жігерді күшейтпекші болды.

Қазақстан Республикасының ІІМ ІӘ қақтығыс аудандарын тұрақтандыруда және тоқтатудағы құжатқа сәйкес қарулы қақтығыстардың алдын алу және қарама-қарсы тараптарды айыру, заңсыз қарулы құралымдарды жою, өзара әрекет етуге бандиттік және лаңкестік топтар мен ұйымдар, сонымен қатар, маңызды мемлекеттік нысандарды күзетуде Қазақстан Республикасының Қарулы күштері және басқа да әскерлер, әскери құралымдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпке сай тартылуы мүмкін еді.

Болжам бойынша мемлекеттің өмірлік маңызды мүддесіне қауіп төндіретін ішкі қақтығыстар, басқа да Қазақстан Республикасы аймағында қарулы күрес құралдарын пайдалануды алдын алу мен оны ескерту мақсатында ҚР ІІМ Ішкі әскерлеріне арнайы міндеттер жүктелді, осы негізде әскердің әрекеті негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, нақты заң, басқа да нормативті-құқықтық актілер құрады. Ішкі әскерде заңдылықты сақтауға бақылауды Қазақстан Республикасының Бас прокуроры мен оған бағынатын прокурор жүзеге асырды [2].

Осылайша, Қазақстан Республикасының ІІМ ІӘ құрылуы мене дамуы әскери құрылыстың негізінде жүзеге асты. Жаңа кезеңде ІӘ маңызды мемлекеттік нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және құқықтық тәртіпті күзету бойынша шараларды өткізумен байланысты міндеттердің негізгі қиындығы ІӘ-ге тиесілі болды.

Бірнеше жыл бойы қаржыландырмаудың, жартылай реформалар мен БАҚ-тың негізсіз сынының әсерінен әскердің маңызы мен қажеттілігі артқан сайын әскерде қоғам мен мемлекет мүддесін оңтайлы қолдану мен жоғары дәрежеде материалдық қамтамасыздандыру бағытында өзгерістер пайда болды. ІӘ реформалау бойынша шараларды жүргізу нәтижесінде жаңа ұйымдастырушылық-штаттық құрылымға көшу жүзеге асты (басқарманың бригадалық звеносы), жеке құраммен толықтыру жақсарды, арнайы және жедел тағайындау бөлімшелері дами бастады (жауынгерлік мүмкіндіктер, ұтқырлық өсті), күрделі криминогенді жағдай етек алған жерлерде бөлімдер мен құрамалардың орналасуы өзгертілді, басқа ведомстволармен өзара әрекет ету механизмі анықталды, техникалық және материалдық қамтамасыз ету бойынша кәсіби мамандарды даярлау жүйесі қайта қарастырылды [5].

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. О концепциях общественной и экологической безопасности Республики Казахстан. Распоряжение Президента Республики Казахстан от 30 апреля 1996 года № 2967. Утратило силу распоряжением Президента Республики Казахстан от 5 апреля 2011 года № 471 [Электронный ресурс] / Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» – Рұқсат режимі: URL:<http://adilet.zan.kz/>. 29.10.2018.

2. Сафонов О.Л. Внутренние войска: история и современность. – Петропавловск: «Полиграфия», 2007. – 270 с.

3. Указ Президента СССР от 18.11.1991 № 2872 // <https://ru.wikisource.org/wiki/>.29.10.2018.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 23 маусымдағы Заңы [Электрондық ресурс]./ «Әділет»Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі – Рұқсат режимі: URL:<http://adilet.zan.kz/> 29.10.2018.

5. Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы Жарлығы.Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 ақпандағы N 334 «[Электрондық ресурс] / «Әділет»Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі – Рұқсат режимі: URL: <http://adilet.zan.kz/> 29.10.2018.

В статье освещаются вопросы становления и развития Внутренних войск МВД (Национальной гвардии) Республики Казахстан с 1992 по 2005 гг.: трудности начального периода независимости страны, повлекшие необходимость создания организационной структуры и законодательной базы собственных Внутренних войск как единого войскового организма.

Ключевые слова: внутренняя безопасность, массовые беспорядки, служебно-боевые, специальные задачи, конвойные части, специальные части, важные государственные объекты, криминогенная обстановка, противоборствующие стороны, незаконные вооруженные формирования, бандитские и террористические группы и организации, внутренние конфликты.

This article highlights the issues of formation and development of the Internal Troops (National Guard) of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan from 1992 to 2005: the difficulties of the initial period of the country's independence, which necessitated the creation of the organizational structure and legislative base of its own Internal Troops as a single military organism.

Keywords: internal security, service-military riots, special tasks, escort units, special units, important state facilities, criminogenic situation, warring parties, illegal armed groups, bandit and terrorist groups and organizations, internal conflicts.

УДК 94 (574)

Р.С. Альжанова, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты жалпы білім беру кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, капитан.

ЖӘДИДТІК АҒЫМДАРДЫҢ ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ ЫҚПАЛЫ

Жәдидтік ағым ұлттық езгіге қарсы тұрған ағым болатын. Оның астарында ағартушылық принциптері арқылы қоғам мен адамды жетілдіру жатыр. Жәдидшілдік дербес түрде Ресейде туды және оның талабы Ресейдегі мұсылман халықтарының қажеттіліктерін қамтыды. Жәдидшілер даму жолы ғылым-білімді, озық мәдениетте деп білді. Олар әйелдер теңдігін, мәдени-ағарту жүйесін кеңейтуді, кітап, газет-журнал таратуды, ұлттық өнер мен баспасөзді дамытуды, халықтың әл-ауқатын жақсартуды күн тәртібіне қойды. Жастар тәрбиесіне назар аударды, ана тілі мен орыс тілін оқытуға күш салды. Жәдидшілдік қазақ қоғамының ұлттық даму жолдарын түсіну және табудың маңызды кезеңіне айналды. Білім реформасы басты тақырыпқа айналды.

Түйін сөздер: жәдидтік, рухани бостандық, ұлттық езгі, исламдық, қазақ зиялылары, қазақ халқы, бүкілресейлік съезі, суфизм, жәдидшілдік идеологиясы, патша өкіметі.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазақстан қоғамдық, саяси-әлеуметтік жағдай негізінен оянушылық, надандықпен күресу, оқу білім идеяларымен ерекшеленді. Ағартушылық ағым терең етек жайып, халық арасынан оқыған тоқыған адамдар шыға бастады. Уфада «Усмания», Троицкіде «Расулия» секілді татар, башқұрт жоғары оқу орындары ашылды. Оларға қазақ балалары да алынды [1, 25 б.].

Осы кезеңде жәдидтік ағым деп аталған бағытты ұстанған ақын-жазушылар Ақмолла, Әбубәкір, Нұржан, Мақаш, Мәшһүр Жүсіп, Шәді өз өлең жырларын халықты қараңғылық қапасынын алып шығуға үндеді. Олар ескі хадим оқуына қарсы шығып жәдидшілдік ағымды қолдады.

Жәдидшілдіктің негізін салған, түркі жұртының көзқарасын жаңаша қалыптастырып, исламды дін ретінде де, ғылым ретінде жаңа сатыға көтерген Шаһабуддин Маржани еді. Ол 1818 жылы Қазан қаласының жанындағы Маржан қаласында дүниеге келген. Маржани түркі, араб, парсы тілдерімен бірге орыс тілін де жетік меңгеріп, сол тілдерде ғылыми еңбек жазған. Жәдидтік жаңа бағыт ұстанып, Қазанда «Ғалия» медресесін ашады. Бұхара, Самарқан, Стамбул, Мысыр, Таяу Шығыста болған сапарларындағы діни тәжірибесін жинақтай келе, исламдағы қате түсіндірілген қағидалардың шын мәнін уағыздайды. Оның жәдидтік ілімі қазақ елінің арасына Семейдегі, Омбыдағы, Троицкідегі, Қарқаралыдағы мешіттерде дәріс берген шәкірттері арқылы кеңінен тарады [2, 37 б.]. Маржани дінді ұлттық, рухани езгіге қарсы қасиетті құрал деп түсінді. Сондықтан исламның философиялық көзқарасы мен

дін тарихын, әрбір ұлы тұлғалардың тұжырымын зерттеп, оларды таным талқысынан өткізді. Құранды түсіну, талдау мәселесіне туған қайшылықтарға Маржани үлкен тосқауыл қойды. Ол дінді біліммен сіңіріп, Алланы ақылмен тануға, Алла жаратқан нәрсені адамның ақылымен зерттеп білуге болатынын айтып, өз көзқарасын дәлелдеп шықты. Ақжан Мамашовтың зерттеулеріне сүйенсек, «Құранды» түсіндірудегі қарама-қайшылық атақты халиф Әл-Мумин мен ғұлама Ахмед ибн Ханбалдың тұсында басталыпты. Халифтің ықпалындағылар «Құран» араб тілінде жазылған, оған талдау жасап, түзетуге болады деп, хадистерді орынды-орынсыз бұрмалаған [2, 38 б.]. Ал ғұлама Ханбал бұған үзілді-кесілді қарсы шығып, «Құранды» өзгертуге, оған пікір таластыруға болмайды деген. Дұрыс пікір осы екеуінің ортасында еді. Жәдидшілер: «Құранды түзеу күнә, бірақ шәриғаттың қағидаларын түсіндіріп, оның астарлы сырын ашу-парыз» деген тұжырым жасаған.

Маржани қайтыс болғаннан кейін оның жолын шәкірттері Каюм Насыри мен Исмағұл Гаспыралы жалғастырып, түркілердің оянуына көп еңбек сіңірді. XIX ғасырдың соңына таман Ресей империясының қол астындағы мұсылман халықтарының арасында жаңашыл ағым болып қалыптасып, бостандыққа бастар жолда бағыт сілтеген жәдитшілдік қозғалысының көш басында Исмаил бек Гаспыралы тұрғанды [2, 39 б.]. Гаспыралы отаршылдықтың озбырлығын жан дүниесімен сезіне отырып, саяси күрес арқылы ұлтқа қызмет етудің мүмкін емес екендігін айқын түсінді. Оның ойынша, әуелі ұлттық ұйқыдан оятып, мәдени және рухани тұрғыдан көтеру керек еді, ал бұл халық ағарту саласын жаңарту арқылы ғана жүзеге асатын еді. Еуропаның білім беру жүйесі мен шығыстық дәстүрлі үлгіні таразылай отырып Исмаил Гаспыралы мектеп-медреселерде реформа жасау қажет деп білді. Осылайша ой түйген ол, кейіннен «Тәржіман» газетіне қосымша ретінде жариялаған «Мектеп және жәдитшілдік деген не?» атты кітапшадан реформа жасауды қалаған ескі әдісті қолданатын мектептердің қателіктерін көрсетіп берді [2, 39 б.]. Оның пікірінше, бір кездері озық мәдениеттің бесігі болған мектеп-медреселерде уақыт өте келе көптеген қателіктерге жол берілген.

Рухани бостандық пен адамзатқа ортақ игілікті насихаттағаны үшін Исмағұл Гаспыралы Нобель сыйлығына ұсынылған, бірақ «моссондар ложасы» мен ресейлік миссионерлердің кедергісінің нәтижесінен сыйлық берілмеді. Ол ескі араб алфавитін түркі халықтары тіліне лайықтап, ескі жазудан жаңа усули-жәдитке көшуді ұсынды [2, 42 б.]. Оқу құралдарын жасап, мұсылман мектептері мен медреселеріндегі оқу жүйесін қайта құрып, жаңадан бағдарламалар жасап, жастардың сауат ашып, білім алуына жеңілдіктер жасады. Осылайша, білім беру саласына терең талдау жасаған Исмаил бек, оқу-ағарту ісінің ұлттық педагогика негізінде болып, мектептердің ана тілінде білім беруін, медреселерде діни ілімдермен бірге дүнияуи ғылымдардың қатар оқытылуын және жаңа әдіспен белгілі бір қалыпқа түскен, өзіндік ережелері мен қағидалары бар оқу жүйесінің қажетсіз пәндерден арылу керектігін, оның орнына оңайдан бастай отырып, ғылым хал, тәпсір, хадис, тарих, жағрафия пәндеріне көбірек мән берілуін басаайтты. Исмаил Гаспыралы тарапынан ашылған жәдид мектебі халық тарапынан қысқа уақыт ішінде қолдау тауып,

саны бірте-бірте арта түсті. Исмаил Гаспыралы «Тәржіман» газеті арқылы жәдид мектептері туралы көптеген мәліметтер беріп, халықтың ынтасын аттырса, екінші жағынан «Хожа-и Субян» атты оқулық арқылы жаңа оқу жүйесінің қалай жүзеге асырылатынын үйрететін еді [2, 39 б.].

Жәдидшілдік – түркілік әлеуметті-экономикалық кеңістікте пайда болған және исламның ауқымындағы рухани жаңғыру жолындағы әлеуметтік субъектілердің әрекеттерінің жиынтығы. Жәдидтік ағым ұлттық езгіге қарсы тұрған ағым болатын. Оның астарында ағартушылық принциптері арқылы қоғам мен адамды жетілдіру жатыр [1, 26 б.]. Осындай дүниежүзілік беделге ие болған жәдидшілер ислам мен түркі әлемінің санасына төңкеріс алып келді. Олар, біріншіден, математика, химия, жаратылыстану, қоғамтану, жағырафия пәндерін меңгерді, дінді ғылым дәрежесіне көтеруді көздеді. Екіншіден, әр халықтың өзінің тіл ерекшеліктеріне сай жазу-сызуын қалыптастырып, дыбысталуы бойынша әріптермен белгілеуді мақсат етті. Сол арқылы «Құранды» да әр ұлттың өз тіліне аударып отырып, оның мағынасын сол тілде жеткізіп, түсіндіріп, дінді тек «жаттаумен» емес, санамен сініруді шарт етіп қойды. «Жәдидшілер руханият пен тектік, тілдік пен тарихи тұтастыққа жеткенде ғана жаһанды билеген жаһангерлердің аранына жұтылмай дін мен тілді, жерді сақтап қалуға болады деп есептеді. Бұлай істемеген жағдайда бет-бетімен кеткен мүһминдермен түркілердің бірінің басын біріне қоспай, шіркеулік және отаршыл жаһангерлердің оларды отарлап, текті аздыруы әбден мүмкін екендігін ғұламалар білді» [2, 43 б.]. Олар болжап қойған жоқ, өз бастарынан өткізді. Әсіресе, Ресейдің бодандық бұғауына түскен татар, ноғай, қырым татары, оған ілесе қазақ елі діни және саяси езгіні ет жүрегімен сезіп, рухани намысы ерте оялды. Жәдидшілердің ілімі Ресей империясының отарлау, шоқындыру, жерді жаулау пиғылына қарсы еді. Исламмен рухтанған түркі халқының бауырласуы, тілінің, дінінің, тарихының жазуының ортақ болуы өте қауіпті бағыт болатын. Дінге селсоқ, өзара алауыз, бірінің жазуын бірі оқи алмаса соғұрлым рухани тәуелденуге бейім болар еді. Сондықтан да патшалық Ресей тұсында да, Кеңестік Ресей кезінде де осындай ұлы бағыт саясат, ғылыми тұжырым ретінде қудаланып, оның жолын қуашылар жазаға тартылып, ілімі насихатталмай, тыйым салынды.

Жәдидшілік исламшылдықпен бір уақытта өркендеді, сондықтан екеуінің арасында ұқсастық өте көп. Екеуі де ислам дінін тұтынған, әрі езгідегі халықтардың арасында қалыптасты. Исламшылдық та жәдидшілдік сияқты ұлттық езгіге қарсы тұрып, артта қалушылықты жоюды аңсады. Бірақ жәдидшілдік дербес түрде Ресейде туды және оның талабы Ресейдегі мұсылман халықтарының қажеттіліктерін қамтыды [1, 27 б.]. Жәдидшілер тек исламның рөлін ғана айтып қойған жоқ, даму жолы ғылым-білімді, озық мәдениетте деп білді. Олар әйелдер теңдігін, мәдени-ағарту жүйесін кеңейтуді, кітап, газет-журнал таратуды, ұлттық өнер мен баспасөзді дамытуды, халықтың әл-ауқатын жақсартуды күн тәртібіне қойды. Жастар тәрбиесіне назар аударды, ана тілі мен орыс тілін оқытуға күш салды. Олар негізінен ислам діні жағында болды, ондағы кертартпа әдет-ғұрыптарға қарсы шығып, ағартушылық бағытты ұстанды.

XIX ғасырдың аяғында діни-ағартушылық бағыттағы поэзия өріс алды. Олардың ішінде Ақмолла, Әбубәкір, Нұржан, Мақыш, Мәшһүр Жүсіп, Шәді, Абай, Шәкәрім секілді ақындар өз уақытынан оза туған, қоғамдық болмыс пен қоғамдық сананың жаңа үрдісін бойына жинаған жаңа тұрпаттағы ақындар еді. Енді осы ақындарға қысқаша тоқтала кетсек [1, 28 б.].

Ақмолла Мұхамедиярұлы – жәдидшілік ағымның насихатшысы, орыс әдебиетінің ықпалын алған ақындардың бірі, Маржани жолын жалғастырушы. Ол қазақ өмірін, болашағын осы жаңа оқу құралы арқылы өзгертуге болады деп есептеді. С.Торайғыров, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Омар Шипин, Сәбит Мұқановтар осы Ақмолла мектебінен өткен ақын-жазушылар. Ақмолла Маржаниге арнап Жоқтау-мәрсия жазған. Онда білімге деген мешеулікті сынап, дүмше молдаларды әжуа етеді. Халыққа Маржани жолын ұстап, білім, ғылымға ұмтыл, көзінді аш дейді. Ақын халық арасындағы надандықты, қараңғылықты шенеп, өнер-білімді дәріптейді [1, 29 б.]. Халықты мағынасыз өмір сүруді қойып, басқа ел сияқты мәдениетке жетейік, оқиық, өнер үйренейік деп насихаттайды. Уақыт өтіп барады, кеш қалмайық, ұйқыдан оянайық, өзге жұрттан біздің неміз кем деп толғанады.

Әбубәкір Кердері жасынан ислам жолымен жүрген, адалдықты, тазалықты, әділдікті сүйген жан. Бес уақыт намазын, отыз күн оразасын құр қалдырмай, құдайға құлшылығын төмендетпеген. Алланың ақ жолына жан-тәнімен берілген Қожа Ахмет Иассауи да Мүңкір, Нәңкір жайлы толғана айтқан. Әбубәкірдің пікірінше, шын мұсылман періштелердің сұрауына жауап береді, себебі, Алла кең, аса мейірімді. Ол өзінің еңбексүйгіш құлдарын жарылқайды. Олардың жарық дүниеде істеген кәсібін, берген садақасын, жасаған жақсылығын елеп, ескереді. Кімде ар-ұят болса, онда инабаттылық та бар, ал инабаты жоқ адамда әдеп те, иба да, кішілік те, кісілік те болмайды. Ақын сопы болудың оңай емес екендігін де өте орынды айтқан. Алланы бір деп тану, Мұхаммедті (Ғ.С.) хақ деп білу, Құранға шын деп бас ию өте қажет дүние, әрбір мұсылманға міндет. Нағыз мұсылман туған туыс, дос бауырына, айналасындағыларға қайырымды болуы керек. Мұсылман деп табыс таппай отыруға жол бермейді. Ислам діні әрбір мұсылманға білім алумен бірге адал табыс табуды, қажырлы еңбек етуді лайық көреді. Өз өлеңдерінде осыны айтып кетеді [3, 63 б.].

Нұржан Наушабайұлының 1910 жылы Қазан қаласында «Алаш» деп аталатын кітабы жарық көрген. Ақын өмір жайлы, оның өтпелілігі туралы, адамдар арасындағы қарым-қатынас, байлық пен кедейлік, жалғыздықтың қиындығын сыр ғып шертеді. Бүкіл дүниедегі жанды-жансыздың қожасы жалғыз жаратушы деп түсінеді. Ақынның тілегі, Алладан күткен рахымы бүкіл мұсылман баласының ортақ арманы. Ажал да, азап та, сор да күдіретті бір Құдайдың қолында екенін ақын өзі ғана мойындап қоймай, қалың жұртқа насихаттайды [4, 78 б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ағылып тұрған ақын, шежіреші, ғұлама, тарихшы, этнограф, терең ойшыл еді. Ол бір жаратушы Алладан басқаға мойын бұрмаған діндар да еді, аузына арам салмаған тахуа да еді. Халық қойған «Мәшһүр» деген атына лайық жан еді. Көзі тірісінде бүкіл қазақ еліне аты

шығып, «үш жүздің» жүйрігі атанды. Мәшһүр Жүсіптің қоғамдық-саяси, әлеуметтік жағдайларға арнап жазған өлеңдері өте көп, әсіресе оқу-ағарту мәселесіне көп көңіл бөлген, ел-жұртты оқу-білімге, өнерге, еңбекке шақырған өлеңдері сол кез үшін маңызды. Халықтың қиындық көріп отырғаны өнер-білімнің жоқтығынан деп, егер жұрт сауатты болса осынша қиналмас еді дейді. Қазақ ағартушыларының жәдиттікке көзқарасы жайында ғалым С. Дәуітұлы М. Көпеевтің ағартушылық қызметі барысында жәдиттік идеяны қолдап, өз өмірінде белсенді түрде насихаттағаны жайында былай ой қорытады: «Өзі көп жылдар бойы бала оқытты. Жәдитті қатты қолдап қуаттаған. Бұл сол кездің жана бағыттағы оқу үлгісі еді. Ол осы оқу үлгісін жай ғана жақтап қоймай, нақты іс-әрекет еткен» [5, 13 б.].

XIX ғасырдың ортасында Қазақстан территориясында мұсылман мектептері мен медреселерде оқытушылардың басым бөлігі татар молдалары болды. Қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары осы татар молдаларынан бастауыш білім алып, алыс мекендерде мұсылмандық сауаттылықты таратқан. Бұл саяси үрдістің Қазақстандағы мұсылмандық оқу-ағарту саласының дамуына мұрындық болған. Мәселен, қазақтың тұңғыш ағартушыларының бірі Ш.Ш. Уәлиханов та алғашында ауыл молдаларынан, татар медреселерінен білім алып мұсылмандық оқу жазуды меңгерген. Кейіннен жәдидшілдіктің негізін қалаушы, ағартушы Ш. Маржанимен танысады, оған ағартушылық еңбегі үшін жоғары баға беріледі [3, 63 б.].

Дәстүрлі исламдық білім беруді реформалаудан бастаған жәдидшілдік дәстүрлі мұсылман қоғамдарын жаңғырту және Ресейдің қоғамдық-саяси өміріндегі мұсылмандардың рөлін арттыру үшін ислам интеллектуалдарының, негізінен, Ресей империясының түркі халықтарының өкілдерінің кен қозғалысына айналды.

Әрине, өздерін жәдид деп атайтындар арасында модернистер, батысшылар, секуляристер және т.б. төтенше көзқарастардың жақтастары болуы мүмкін деп жоққа шығармауға болмайды. Жәдидтерді отаршылдыққа қарсы күрескерлер ретінде көрсету олардың еуропизмді елемеу үрдісі бар ретінде көрсетеді. Сондықтан, қазіргі уақытта жәдидшілдіктің мәнін Батыстың дауына шынайы исламдық жауап ретінде анықтау өте маңызды. А.Беннигсеннің жәдидшілдік ислам өркениетінің «алмазы» деп атаған дұрыс екен [6, 55 б.].

Жас қазақ интеллигенциясы мен дамыған мұсылман дінбасылары прогрессивті мұсылман интеллигенциясының барлық көзқарастарын жан-жақты қолдана отырып, өз халқының қараңғы және надандықтарымен күрескен. Сондай-ақ, исламды реформалау және оның аймақтың буржуазиялық дамуына бейімделуі, руханилықтың білім беруге ықпалының шектелуі, ұлттық өнер мен әдебиеттің дамуы, әйелдердің тең құқылығы үшін мектептерде ұлттық тілде сабақ бергені үшін сөз сөйледі. 1921 жылы Г. Сафаров: «жәдидшілдік мұсылман интеллигенциясы алдында» мектеп реформасын, жаңа емле енгізуді, араб және ежелгі грек схоластизмін ұлттық мәдениеттерді оқытудан және дамытудан шығаруды талап етеді деп жазды [7, 56 б.].

Жәдидшілдіктің пайда болуының бірнеше себептері бар. Ислам әлемінің жалпы дағдарысы XVIII ғасырда басталғаны белгілі. Осы кездесу суфизмді адамның өзін-өзі белсендірудің рухани негізі ретінде қайта тудыру құбылысы пайда болды. Суфизм әрдайым мәдениет пен моральдің катализаторы болды және уақыттың қиындықтарына жауаптар тапты және қазір ол тірі даналықтың көзі болуды тоқтатты, сондықтан мұсылман мәдениеті өз динамизмін қалпына келтіре алмады [2, 28 б.]. XIX ғасырда суфизм өз мәнін өзгертіп, Ишанизмге айналды, сондықтан жәдидистердің пайда болуының алғашқы себебі, яғни, ағартушылар, реформаторлар табиғи құбылыс болды. Олардың қызметі қисықтыққа, әрекетсіздікке, догматизмге, фанатизмге, антиинтеллектуализмге қарсы бағытталған.

Қазақ зиялылары арасында қазақ халқының дамуын тек ағарту мен білім беру арқылы жүзеге асыруға болатынын пайымдаған Шоқан Уәлиханов, Салық Бабаджанов, Мұса Шорманов және Ыбырай Алтынсаринді атап өту қажет. Жәдитшілдік қазақ қоғамының ұлттық даму жолдарын түсіну және табудың маңызды кезеңіне айналды. Білім реформасы басты тақырыпқа айналды.

Қазақстанда жәдитшілдік идеясының таралуын XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялы қауымы қолдаған болатын. Абай Құнанбаев, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердіұлы және Ғұмар Қарашев сынды көрнекті тұлғалар білім беру саласына жаңа әдіснаманы (усули-жәдит) енгізудің белсенді жақтаушылары болды. Мысалы, Ғұмар Қарашев (1876-1921) бұл жайлы мынадай пікір өрбітті: «Ешбір халық көшпе халінде жүріп, өнерлі, білімді ел бола алмады. Керісінше, тарихта білім мен өнер тек отырықшы өмірге көшіп, медреселер мен мектептер салынғаннан кейін және әлеуметтік өмірге тәртіп пен заңдылық енгізілгеннен кейін келген» [2, 556.]. Жәдитшілдік қозғалысы діни мектептерде Еуропалық білім беру элементтерінің біртіндеп енгізіле бастауына ықпал етті. Мәселен, 1907 жылға қарай Жетісу облысында 15 орыс мектебінде 222 оқушы оқыса, 243 мұсылман мектебінде 6076 оқушы білім алды. Бұл жағдай патша үкіметінде үлкен алаңдаушылық туғызды. Үкімет Орынбор, Уфа және Қазан қаласында басылып шыққан қазақ тіліндегі материалдардың мазмұны отарлық билік үшін зиянды деп ойлаған, сондықтан усули-жәдит мектептерді ресми билік үшін зиянды деп санап, олардың қызметіне үзілді-кесілді қарсы болды. Осылайша, Түркістан генерал-губернаторлығы милиция басқармасы мұрағатындағы есептердің бірінде (1914) Міржақып Дулатовтың (1885-1935) Орынбордағы «Уақыт» баспаханасынан жарық көрген «Оян қазақ» кітабы «қазақ халқын орыстарды қуып, қазақ мемлекетін қалыптастыруға шақырады» деген жазуларды оқуға болады [2, 56 б.]. Алайда, іс жүзінде Дулатовтың «Оян қазақ» өлеңі отандастарымызды жаңа өмірге, басқа халықтардан жақсы нәрселер үйренуге және ғылым мен білімге ұмтылуға шақырады. Басқа да маңызды еңбектер арасында Ахмет Байтұрсыновтың (1873-1937) «Маса» атты өлеңдер жинағын атауға болады [8, 29 б.]. Халықтың мүшкіл халі мен сауатсыздық деңгейіне арналған еңбек білім, ғылым және мәдениет туралы жазылған. Исмаил Гаспралының жәдиттік идеясын ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы қолдап, оны

өзінің жаңа қазақ жазуын жазуда пайдаланады. Біз оны Ахметтің 1912 жылы Орынбор қаласында басылып шыққан «Оқу құралы» атты кітабынан көре аламыз. Оған қоса ол өз кітабын (усули саутие) дыбыс әдісі жолымен жазғанын айтады және де оны Исмайл бейдің шығармалары негізінде деп көрсетеді [2, 56 б.].

Әлихан Бөкейхановтың (1866-1937) «Тұр қазақ» атты еңбегі де халықты білім және мәдениет деңгейін арттыру арқылы белсенділік танытуға шақырады. Жәдитшілдікті қолдаған қазақ ағартушыларының қызметін қарастырғанда, ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының білім беру іс-шаралары арқылы халықтың білімге деген қызығушылығын оятып, айналасында болып жатқан оқиғаларға бейтарап қарамауына ықпал жасағанын атап өткен жөн. Қазақ зиялыларының көшбасшылары халықтың саяси жағынан көзін ашу үшін оның бойында білімге деген құлшынысты ояту, сауатсыздықты жою қажет екенін түсінді. Олар «Қазақ», «Қазақстан» және «Айқап» сияқты ұлттық газет-журналдарда адамдарды білім алуға шақырып, өркениет пен қазақ халқының қалыптасуына зор үлес қосты. Жәдитшілдік идеологиясы тұрғысынан қазақ ағартушылығының міндеттерін тұжырымдамалық деңгейде айқындаған зиялы қауым мен ағартушылар жайлы айтқанда ұлы ағартушы және философ Абай Құнанбаевты (1845-1904) атап өту қажет. Абайдың Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Тургенев, Салтыков-Щедрин, Достоевский, Чернышевский, Спенсердің «тәжірибесі», Льюистің «Позитивті философиясы» және Дрейпердің «Еуропаның зияткерлік даму тарихы» атты шығармалармен танысуы оған орыс және Еуропа мәдениетімен жақындасуды қамтамасыз еткен мәдени реформатор болуына, әрі араб-мұсылман философиясының негіздерінің бірі болып табылатын ағартушылық либералдық исламның негізінде ағарту идеяларын уағыздауына мүмкіндік берді [8, 30 б.].

ХХ ғасырдың басындағы көптеген қазақ ақындары Абайдың ағартушылық идеяларынан шабыт алды. Қазақ ақыны Әндібаев («Менің жастық шағым», 1907) жазғандай: «Егер Мұхаммед пайғамбардың өсиеті бойынша шеберлік пен білімге ұмтылатын болсақ, көшбасшымыз қазақ болар еді, жеріміз нашарлап, малымыз азаймайтын еді, ешкім де жерімізді тартып алмайтын еді». Бірақ «Бұл қиындықтарды күшпен емес, тек білім арқылы еңсере аламыз ба?». Тағы бір ақын Муштак өзіне «Білімнің арқасында қазақтардың көзі қайтадан ашылады ма және жауға қарсы шыға алады ма?» деген риторикалық сұрақ қойып, былайша жауап беруде: «Адамдар білімді болса, оларды ешқандай жауалмайды»; «Біліммен қаруланған және ізгі істер істейтін адамды ешкім жеңе алмайды [8, 31 б.].

«Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы бүкіл алдыңғы қатарлы қазақ интеллигенциясы жиналған, халықтың шынайы мінбері мен дауысына айналды. Қазақ зиялыларының көзқарастары өз халқының және Ресей империясының аумағында тұратын барлық мұсылмандардың қорғауында бір жолмен байланыстырылды. Бірақ мұсылмандықты одан әрі дамыту, жалпы қазақ халқы өмірінің болашақ құрылымы тұрғысынан алғанда, қазақ интеллигенциясының өкілдері арасында түрлі көзқарастар болды. 1914 жылы өткен мұсылмандардың Бүкілресейлік съезінде халықтың болашақ дамуы туралы көзқарастар

айырмашылығы айқын көрінді. Бұл жерде сөйлеген қазақ зиялыларының жетекшілері А.Бөкейханов пен Б.Карататаев исламның дамуына, қазақ халқының тілі, мәдениеті мен салт-дәстүріне қатысты түрлі көзқарастарын қорғап шықты [9, 175 б.].

Қазақтың алдыңғы қатарлы исламы алдында – М. Қашимов, Ш. Құдайбердиев, М. Көпеев қазақ зиялыларының басшыларының қызметін қолдап қана қоймай, сонымен қатар «қазақ» газетінің айналасында жиналған зиялы қауымның барлық бастамаларына белсене араласып, кейін мемлекет басшысына айналды – Алаш Орда.

Осылайша, жәдитшілдік ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қазақ ағартушылығына үлкен әсеретті. Жәдидшілдік патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы бағытталды. Түркі халықтарының ерікті әрі өркениетті болуын қалады. Мұсылмандық хадими мектептердегі ғасырлар бойы өзгеріссіз сақталып келген оқу-тәрбие жұмыстарының жүйесін жаңа заман талабына сәйкестендіріп, қайта құруды ұсынған ілгерішіл бағыт ұстанды. Мектеп-медреселердегі өз беделдерінен айырылып қалғысы келмеген кейбір дін иелері Жәдидшілдікті шарифатқа қарсы әрекет ретінде бағалады. Жәдидшілдікке патша өкіметі тарапынан да қысым көрсетілді. Бұл жағдай қазіргі таңда даму жолында тарихи таңдау алдында тұрған қазақ қоғамы үшін үлгі бола алады.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Ошакбаев Ж.Б. Қазақ қоғамының ХІХ ғасырдың соңындағы діни-философиялық ұстанымдары. // История философии. – 25-29 б.
2. Гаспринский И. Россия и Восток. – Казань: Татарское книжное издательство, 1993. – 132 с.
3. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
4. Кердері Ә. Қазағым. – Алматы: Жазушы, 1993. – 129 б.
5. Наушабайұлы Н. Алаш. – Қостанай: Баспа үйі, 1997. – 25 б.
6. Бенингсен А. Мусульмане в СССР. – Париж, 1983. – С. 79.
7. Сафаров Г. Колониальная революция (Опыт Туркестана). – Алматы, 1996. – 88 с.
8. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: Жазушы, 1986. – 398 б.
9. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Атамекен, 1995. 340 б.

Течение джадидизм появилось как направление против национального деспотизма. В его основе лежит совершенствование человека и общества через просвещение. Джадидизм родился в России и его принципами было удовлетворить потребности мусульманских народов. Путь развития джадидистов это наука, образование и передовая культура. Они ставили на повестку дня вопросы равенства женщин, расширения культурно-просветительской системы, распространения книг, газет и журналов, развития национального искусства и прессы, улучшения благосостояния народа. Обращали внимание на воспитание молодежи, прилагали усилия для изучения родного и русского языков.

Ключевые слова: джадидизм, духовная свобода, национальный деспотизм, ислам, казахская интеллигенция, казахский народ, всероссийский съезд, суфизм, джадидистская идеология, царская власть.

The Dzhadidism movement appeared as a direction against national despotism. It is based on the improvement of the individual and society through education. Dzhadidism was born in Russia and its principles were to meet the needs of Muslim peoples. The Dzhadidist development's way is science, education and advanced culture. They put on the order of the day the issues of women's equality, expansion of cultural and educational system, distribution of books, newspapers and magazines, development of national art and press, improvement of the people's well-being. They paid attention to the young people's education and made efforts to study their native and Russian languages.

Key words: dzhadidism, spiritual freedom, national despotism, Islam, Kazakh intellectuals, Kazakh people, All-Russian congress, sufism, dzhadidist's ideology, reign.

УДК 94 (574)

Р.С. Альжанова, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты жалпы білім беру кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, капитан.

З.К. Картова, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты.

МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ САЯСИ ПАРТИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Қазақ халқын отарлаушылар қазақ елінің жері мен табиғатын ғана иелік етіп қана қойған жоқ, олар қазақ халқын рухани жағынан да отарлады. Қазақстанда отаршылдыққа қарсы түркішілдік, исламшылдық, ұлттық-демократиялық, социал-демократиялық қозғалыстар мен саяси партиялар қалыптасты. Қазақстанның жергілікті халқы түркі тілдес халқынан болған еді. ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың идеясы панисламизм мен пантүрікшілдік тегі мен тағдыры бір түрік халықтарын жақындатты. Қазақстандағы мұсылман саяси партиялары: «Бүкілресейлік мұсылман одағы», «Шура-ислами» (Ислам кеңесі), «Шура-улема» (Діни қауым кеңесі), Иттифок – эль-муслимин (мұсылмандар одағы). Бұл ағымдардың саяси өзегін интеллигенция өкілдері, соның ішінде ұлттық интеллигенция өкілдері құрады.

Түйін сөздер: мұсылман саяси партиялар, ұлт-азаттық қозғалыс, кадеттер, петиция, мемлекеттік дума, ұлттық демократиялық партия, қазақ

интеллегенция, либералды-демократиялық бағыт, демократиялық қозғалыс, түрік халықтар.

XX ғасырдың басында қазақ өлкесінде ұлттық саяси партияларының алғышарттары қалыптасты. Бұл қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының басты кезеңінің бірі болды. Қазақ халқын отарлаушылар қазақ елінің жері мен табиғатын ғана иелік етіп қана қойған жоқ, олар қазақ халқын рухани жағынан да отарлады. Оған дәлел ретінде 1907 жылы М.Дулатовтың «Қазағым менің, елім менің» атты мақаласында былай деп ашына жазған: «...ең алдымен қазақ халқы – Ресейге тәуелді халық. Оның ешқандай правосының жоқтығы ыза мен кек тудырады. Халықтан жиналатын салық қаражатының көп бөлігі халыққа тіпті керек емес нәрселерге жұмсалады. Өздеріңіз көп жазбай байқап отырғандай, чиновниктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, малдарын тартып, ойына не келсе соны істеді. Енді чиновниктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрыптарымызға, біздің молдаларға да тиісті неке мәселелеріне араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды. Енді бұл чиновниктер қазақ даласына мыңдаған мұжықтарды жер аударып қазақтардың суымен шұрайлы жерлерін тартып әперуде. Чиновниктерде арқалаған олар өздеріне жайлы қазақ жерлерін еркін иемденуде. Бұлар сорлы қазақтарды ұрып-соғып, бар мүлкін тартып алып кетуде» [1, 30 б.].

Антропный принцип (*далее – АП*) – крупнейшая научная концепция, развитая плеядой выдающихся учёных 60-х – 70-х годов прошлого века. Своё успешное применение она нашла в работах по космологии, теологии и естественнонаучной философии. В последней области АП утверждает, что человек является центральной фигурой всех изысканий, его бытием все измеряется и оценивается. Соотношение мира и человека видится при этом (как у античного философа Протагора) в том, что мир создан для человека, являющегося элементом самопознания Вселенной. Тогда самопознание личности будет вполне эквивалентно познанию мира. Обратное утверждение в принципе тоже верно, поскольку оно фиксирует связь между общими свойствами Вселенной и существованием в ней человека как наблюдателя [1].

Философско-методологически выделяются три формы антропного принципа: слабая, сильная и финальная.

В слабой форме наблюдаемые значения всех физических и космологических величин, эволюционируя, приобретают значения, которые позволяют во Вселенной жизни возникнуть. Сильный антропный принцип гласит, что Вселенная в какой-то момент своей истории должна способствовать развитию жизни [2].

Финальная форма идет дальше и вызывает наибольшие дискуссии, но в ней заложена надежда на будущее развитие науки, технологий и цивилизации в целом: разумный информационный процесс должен возникнуть во Вселенной, и, однажды возникнув, как пишет Ф. Типлер, он никогда не угаснет [3].

Что может быть лучше этого с точки зрения образовательной деятельности? В педагогике, кстати, известен антропный подход (не принцип), определяющий соотношение воспитания с целостной природой человека. Сегодня как никогда актуален вопрос о целях и методах образовательной деятельности. Развитие цифровизации образовательного процесса могло бы создать определённые удобства для получения знаний. Но при этом тот же подход таит и скрытые опасности. Дело в том, что информационная среда подвержена энтропийным изменениям не меньше, чем любая другая. Наряду с информацией, касающейся воспроизводства реальных цивилизационных достижений, эта среда порождает гораздо большие горы мусора, чем техническая деятельность.

Возникает вопрос: насколько очередной тезис «цифрового образования» противоречит антропному принципу? И есть ли вообще противоречия? Перед тем, как сопоставить понятия «цифровое образование» и «антропный принцип», нужно уточнить, что они собой представляют в терминах, доступных пониманию участников процесса. Нужно выяснить их соотношение в информационно-технологическом аспекте и культурно-антропологическом смысле. Отметим, что практическое приложение антропного принципа в гуманитарной сфере не всегда понимается однозначно. Забываются его истоки (превалирующий принцип всемирной духовности), и он ошибочно трактуется западной философией как символ эгоизма и потребительства.

Однако в научной полноте антропный принцип призван реализовать потенциал формирования целостной, творческой, ответственной личности. В частности, идеи философской антропологии играют важную роль в постановке методологических основ современного образования. Такой термин, как «антропологический синтез», многочисленные исследователи как раз сопоставляют с поисками путей преодоления кризиса духовности [4].

В образовательной практике не обойтись без системного подхода. В передовых странах произошли существенные социальные и культурные перемены. Возросло влияние психологии личности, ставшей помощником педагогики. Однако у школьных учителей и у преподавателей вузов нет возможности и времени полно изучить проблематику метанауки [5]. А без этого практики не смогут внедрить в образовательную деятельность эффективные методы, способствующие развитию общества.

К сожалению, в настоящее время антропный принцип имеет неопределённую сферу приложения, невзирая на его фундаментальный цивилизационный смысл. Но без опоры на антропный принцип в системе образования трудно вывести целостную общую картину мира. В противовес задачам образовательного процесса молодёжь, погружаясь в виртуальную реальность, зачастую обретает некое «клиповое сознание».

Однако неоспоримые вызовы времени вынуждают общество принять курс на развитие человеческого потенциала. И это становится приоритетом в деятельности государства. В обществе будущего образование должно стоять на первом месте, поскольку является социальным капиталом личности, позволяющим ей успешно реализовывать себя во всех сферах жизнедеятельности. Новый уровень знаний и реализация творческих задатков каждого человека ускорят наступление позитивных перемен в обществе.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Казютинский В.В. Антропный принцип // Новая философская энциклопедия. Т. 1. – М.: Мысль, 2010.
2. Гриббин Дж. Антропный принцип // Научные теории / перевод с английского Ю. Капустюк, научная редакция А. Нурматов; под редакцией П. Парсонс; М. Рис. – М., 2013.
3. Barrow J.D., Tipler F.J. The Anthropic Cosmological Principle. – Oxford: OxfordUniv. Press, 1996.
4. Асадуллин Р.М., Григорьев Е.Н. Антропологический синтез методологических оснований исследования педагогической деятельности // Педагогика. – 2015. – № 1. – С. 3–13.
5. Романов К.В. Философское осмысление управления информацией в процессе обучения // Журнал «Педагогика» («Советская Педагогика»): 80 лет служения отечественному образованию: материалы Международной научно-практической конференции. Ч. I. – М.: Педагогика, 2017.

Мақалада білім беру қызметін іргелі ғылыми қағидаттар бойынша ұйымдастыру мүмкіндігі қарастырылған. Субъективті ойларға негізделген

білім беруді реформалау ұзақ мерзімді мақсаттарды жүзеге асыруға алып келмейтіні көрсетілген. Антропикалық принцип пен оған негізделген ноосфералық ойлауды философиялық негіздер мен білім берудің практикалық мәселелерін шешуге қолдану мүмкіндігі ұсынылады. Білім беруді ұйымдастырудағы антропикалық ойлау жүйесіне көшу жаңа ұрпақтардың зияткерлік деңгейін арттырып қана қоймай, қоғамдағы руханият дағдарысының ең теріс көріністерін жеңуге мүмкіндік береді. Антропикалық және ноосфералық ойлауға көшудің әлеуметтік-саяси қозғаушысы мемлекет бәсекеге қабілеттілігінің мәселелері болып табылады.

Негізгі сөздер: антропиялық принцип, инновациялық білім, теориялық білімді дамыту, білім қоғамы, адам әлеуеті.

The article considers the possibility of organizing educational activities on fundamental scientific principles. It is shown that the reform of education, based on subjective considerations, does not lead to the realization of long-term goals. The possibility of applying the anthropic principle and the noospheric thinking based on it to the construction of philosophical foundations and practical problems of education is proposed. The transition to a system of anthropic thinking in the organization of education will not only increase the intellectual level of new generations, but also overcome the most negative manifestations of the emerging crisis of spirituality in society. The social and political motivator for the transition to anthropic and noospheric thinking is the challenges of state competitiveness.

Keywords: anthropic principle, innovative education, development of theoretical knowledge, knowledge society, human potential.

УДК 17.82.30

Ж.Т. Қадыров, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Тіл және әдебиет институты, филология ғылымдарының кандидаты, профессор.

М.С. Ауғанбаева, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Тіл және әдебиет институтының аға оқытушысы, филология магистрі.

С. МҰҚАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Мақал-мәтелдер, қанатты сөздер проза мен поэзияға ерекше өң береді. Осы құндылықты ақын-жазушылар өз туындыларында шығармашылықпен қолданады. Мақалада С. Мұқанов өз шығармаларында мақал-мәтелдерді белгілі бір ойды қорытуда, оқиганы түйіндеуде, келелі ой айтуда, қорытынды жасауда, кейіпкер мінезін танытуда, оқиганы бейнелі суреттеуде шеберлікпен пайдаланғаны қарастырылған. Мақал-мәтелдерді әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы түрлендіріп қолданғаны зерделенген.

Түйінді ұғымдар: мақал-мәтелдер, шығарма, синтаксис, инверсия, пленастикалық тәсіл, эллипсис, жазушы, баяндауыш, бастауыш, прозалық шығарма.

Қазақ халқы жазу-сызу өнері болмаған кездің өзінде-ақ ауыз әдебиетінің әр түрлі үлгілерін тудырып, солар арқылы тұрмыс тіршілігінің әр алуан жақтарын суреттеген; қоғамдық өмірін, дүниеге көзқарасын, таптық күресін, арман-мүддесін т.б. бейнелеп көрсеткен. Осы негізде туған және ауыз әдебиетінің күрделі бір түрі деп халықтың мақал-мәтелдерін айтамыз [1, 69]. Кез келген қаламгер қашанда халық даналығын міндетті түрде қолданады. Өнегелі автор ойын орайлы етіп беретін мақал-мәтелдер көркем шығармаларда көптеп кездеседі.

Мақал-мәтелдерді қаламгерлер стильдік мақсатқа орай пайдаланады. Шығармалардағы мақал-мәтелдер көркемдік нақыш беру мақсатын көздейді. Айтылған пікірді дәлелдеу үшін, бірде пікірлерін қоюлату үшін, енді бірде айтылған ойды толықтыру мақсатында, тыңдаушының назарын бірден өзіне аудару үшін жұмсалады.

Мақал-мәтелдерді өз шығармаларында орынды да шебер пайдаланған қазақ жазушыларының бірі – Сәбит Мұқанов. Жазушы шығармаларынан мақал-мәтелдердің мол қорын байқай аламыз. Оның «Адасқандар», «Ботагөз», «Балуан Шолақ», «Аққан жұлдыз», т.б. еңбектерінде де халықтың тұрмыс-тіршілігінің әр алуан жақтарын, қоғамдық өмірін, таптық күресін бейнелейтін мақал-мәтелдерді жиі кездестіруге болады. Айталық, «Он үште отау иесі», «Ер шекіспей, бекіспейді», «Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені, емен ағаштың иілгені – сынғаны», «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса да», «Досың да,

дұшпаның да ер болсын», «Ер мойнында қыл арқан шірімейді», «Адамның басы – Алланың добы» сияқты мақал-мәтелдер – ең жиі кездесетіндері.

Мақал-мәтел – аз сөзбен көп мағынаны, көп ұғымды, көп жайларды білдірудің ең жоғарғы шыңы. Мақал мен мәтелден орынсыз тұрған, басы артық бірде-бір сөзді я басқа бір қосымша дәнекерді табу мүмкін емес. Басы артық сөз түгіл, қайта көпшілік жағдайда, айтылуға тиісті болып тұрған сөздердің өздері егер оны айтпаудан ұғымға ауырлық келмейтіндей болса, оның мағынасы контекст арқылы байқалса, ондай сөздер әдейі түсіріліп, сөйлем ықшамдалып айтылады. Мысалы: «Қой өрісі – қорадан», «Құс баласы қырымға, ит баласы жырымға», «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне». Сөйтіп, алдыңғы мысалда басталады, қарайды, барады деген сөздер айтылмай, түсіріліп қалдырылған. Бірақ олардың мағыналары контекстен айқын байқалып тұрғандықтан, сөйлемнің ұғымына ешқандай нұқсан келіп тұрған жоқ. Ал Сәбит Мұқановтың жоғарыда келтірілген шығармаларындағы «Он үште отау иесі» [2,81], «Байсыз қатын – баусыз аймақ», «Бөрі азығы мен ер азығы жолда» [3, 17, 207] сияқты мақалдарды да бұл қатарға қосуға болады. Бұл мақалдарда адам, я болмаса, болады, сияқты деген сөздер түсіріліп қалдырылған.

Бұл айтылған жайлар мақал-мәтел синтаксисінің құрылысына елеулі әсерін тигізіп, оны әдеби шығармалардың басқа жанрларынан біраз ерекшелендіріп тұрады.

Мақал-мәтелдердің құрылымы мен өзара ерекшеліктерін мынадай белгілері арқылы ажыратуға болады:

1. Мақал мен мәтелдер өзара синтаксистік құрылысы жағынан да өзгеше болады. Мақал, мәтелге қарағанда, құрмалас сөйлем күйінде жиі ұшырайды. Өйткені мақал өмір тәжірибесінде кездесетін оқиға, жағдай іс-әрекеттерді бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы баяндап отырады.

Мысалы, «Жақсы туса, ел ырысы, жаңбыр жауса, жер ырысы» деген мақал синтаксистік параллелизм жолымен жасала отырып, екі құбылысты бір-біріне салыстыра, ұқсастыра бейнелейді [4, 208-209 б.].

Бұл орайда жазушы шығармаларындағы «Ер жігіттің екі сөйлегені - өлгені, емен ағаштың иілгені – сынғаны» [5, 66], «Темірді дәнекер қосады, өмірді бала қосады», «Өзен жағалағанның өзегі талмайды, теңізді төңіректенгеннің несібі егіз», «Қатты келген қыз жаман, қатты шапқан жау жаман» [3, 207, 209, 247] деген мақалдарды мысал ретінде атауға болады.

2. Ал мәтел, көбінесе, жай сөйлем түрінде, онда да толымсыз жай сөйлем түрінде кездеседі. Мәтел қашан да оқиғаны, өмір құбылысын, толық сөйлем күйінде білдірмей, ойды аяқсыз қалдырып қойып отырады. Мысалы: Сәбит Мұқанов «Қорыққанға қос көрінеді» [2, 107], «Қыз бала қылтиғанша», «Ел құлағы елу» [3, 87, 210] деген мәтелдерді өз шығармаларында тиімді қолданғанын байқаймыз.

3. Мақал мен мәтелдің синтаксистік құрылысындағы тағы бір ерекшелік – ол етістік баяндауыш сөздердің түсіп қалу заңдылығына байланысты жағдай. Мәтелдің құрамындағы етістіктен болған баяндауыш сөз көбіне айтылмай, түсіп қалады. Бұл жағдай – мәтелдің оқиғаны ишаратпен ғана жеткізуіне лайықты жасалған тәсіл. Өйткені, күрделі ойды толық білдіретін сөйлем

баяндауышсыз болмайды. Мысалы: «Ер қанаты – ат» [5, 58], «Қыз бала қылтиғанша», «Ел құлағы елу» [3, 87, 210] деген мақал-мәтелдер жазушы шығармаларынан өз орындарын таба білген.

Жазушы өз шығармаларында мақал-мәтелдерді әр түрлі тәсілдер арқылы қолданған. Оны мына кестеден көруге болады:

Мақал-мәтелдер	С. Мұқанов қолданысындағы мақал-мәтелдер	Қолданылған тәсіл түрі
Ер арыса – аруақ, ат арыса – тулақ [6, 22].	Ат арыса – тулақ, ер арыса – аруақ [7, 87].	Инверсия
Бөрі азығы мен ер азығы жолда [6, 17].	Ер азығы мен бөрі азығы жолда [3, 234].	Инверсия
Ер мойнында қыл арқан шірімес [6, 16].	Ер мойнында қыл арқан шірімейді [7, 83].	Плеоназм
Көпке көнбеген көмусіз қалады [6, 17]. Көптен қашқан көмусіз қалады [6, 250].	Көпті жамандаған көмусіз қалады [5, 56].	Плеоназм
Халық қаласа – хан түйесін сояды [6, 25].	Халық ұнатса, хан түйесін сояды [3, 280].	Плеоназм
Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қашады [6, 360].	Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды [7, 404].	Эллипсис

Байқағанымыздай, жазушы инверсия тәсілін көп қолданған.

Сол сияқты С.Мұқанов шығармаларындағы мақалдарды сөйлем құрылысына қарай екі топқа бөлуге болады:

1. Жай сөйлем түріндегі мақал-мәтелдер:

- Төре тастан қатты [7, 19].
- Ел іші – алтын бесік [7, 21].
- Бір мылтықтың аузына мың кісі сыяды [7, 87].
- Аюға намаз үйреткен таяқ [7, 33].
- Қатынның ашуы қазан қайнатуға ғана жетеді [7, 136].
- Тентектің ақылы түстен кейін кіреді [3, 129].
- Сыйынғаныңнан сүйенгенің күшті болсын [3, 84].

2. Құрмалас сөйлем түріндегі мақал-мәтелдер:

- Темірді дәнекер қосады, өмірді бала қосады [3, 207].
- Қатты келген қыз жаман, қатты шапқан жау жаман [3, 209].
- Еркек – бас, әйел – мойын [7, 137].
- Оқу – жарым естіні бүтін етеді, бүтін естіні данышпан етеді [7, 27].
- Таныған жерге бой сыйлы, танымаған жерге тон сыйлы [7, 121].
- Ұры байымайды, сұқ семірмейді, жұтқан жұтамайды [3, 252].

• Өзен жағалағанның өзегі талмайды, теңізді төңіректегеннің несібі егіз [3, 247].

Мақал-мәтел синтаксисі жай сөйлем түрлеріне онша бай емес. Әдеби тілімізде кездесетін атаулы, жақсыз сөйлемдер мұнда кездеспейді. Мұндағы сөйлемдердің көпшілігі белгісіз жақты сөйлемдер болып келеді. Өйткені, мақал-мәтелдегі пікір нақтылы біреуге арналып айтылмайды, көпшілікке, жалпыға арналған. Осы сияқты, жай сөйлемнің мағыналық түрлері де мұнда онша көп емес, тек хабарлы, бұйрықты сөйлемдер ғана бар деуге болады. Қолда бар материалдарға қарағанда, жай сөйлемнің сұраулы, лепті түрлері бірлі-екілі ғана болмаса (Мысалы, «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсеңші!», «Жас өспей ме, жарлы байымай ма?», «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?», «Май сасыса, тұз себер, тұз сасыса, не себер?» т.б.), тіпті кездеспейді және оның кездеспеуі табиғи да нәрсе. Себебі, сұраулық, лептік мағыналар – мақал-мәтелдердің атқаратын рөліне, оның жаратылысына тән қасиеттер емес [9, 210-211].

Әдеби тіліміздің қазіргі синтаксистік құрылысында баяндауыштық қызмет атқаратын негізгі сөз табы етістік екендігі және оның бұл функцияда қолданылғанда барлық шақта, барлық жақта, әр түрлі рай формасында кездесетіндігі белгілі. Ал мақал-мәтел синтаксисінде етістік екі-үш формалық құбылыстарда ғана қолданылады және екінші, үшінші жақта, келер шақта айтылады.

Баяндауыш қызметінде қолданылатын етістік түрлері мыналар:

1. Етістіктен болған баяндауыш бұйрық райдың екінші жақ анайы түрінде өте жиі кездеседі. Мұндай сөйлемдердің барлығында дерлік бастауыш айтылмай, жасырын тұрады да, сөйлем толымсыз сөйлем болып келеді. Ал баяндауыштық бұйрық райдың сыпайы я көпше түрінде айтылуы кездеспейді. Сол сияқты бұл райдағы баяндауыш онша жиі болмағанымен, үшінші жақта да айтылады, бірақ бірінші жақта мүлдем кездеспейді. Мысалы, «Туған жерге туың тік», «Шыдамды еңбек, алғыр ой – анық досың, біліп қой», «Сыртың сайлы болғанша, ішің майлы болсын». Сол сияқты жазушының қолданысындағы «Досың да, дұшпаның да ер болсын» [8, 81], «Сыйынғаныңнан сүйенгенің күшті болсын» [3, 84] деген мақалдарды да бұл қатарға жатқызуға болады.

2. Баяндауыш қызметінде етістік - ар, - ер, - р, - с жұрнақты есімше формасында да өте жиі кездеседі. Мұндай баяндауыш тек анада-санда ғана екінші жақтың сыпайы, көпше түрлері мен бірінші жақта тіпті кездеспейді деуге болады. Мысалы, «Еңбек мұратқа жеткізер, жалқаулық абыройды кеткізер», «Жақсылық суға батпас, бір шығар, тегін жатпас», «Сыпайы тоңбас, қалтырар». Ал Сәбит Мұқановтың «Ботагөз», «Балуан Шолақ» романдарында осыған байланысты мынандай мақал-мәтелдер кездеседі: «Құм жиналып, тас болмас», «Мал басқа тебер» [2, 106].

Баяндауыш - а, - е, - й жұрнақты көсемшенің екінші, әсіресе, үшінші жақта айтылған түрінде өте жиі кездеседі. Баяндауыштың бұл түрі де жіктеудің сыпайы немесе көпше түрлерінде, сол сияқты бірінші жақта кездеспейді. Мысалы, «Сағынған елін аңсайды, сары ала қаз көлін аңсайды», «Еңбексіз іс

бітпейді, еріншектің қолы жетпейді». Сол сияқты жазушының шығармаларынан мысал келтіретін болсақ, олар: «Ер мойнында қыл арқан шірімейді», «Ер шекіспей, бекіспейді», «Өсек – өрт, қашқан құтылмайды, қарсы жүрген өрттенеді», «Қарға қарғаның көзін шоқымайды», «Дауыл болмай, жауын болмайды», «Өзен жағалағанның өзегі талмайды, теңізді төңіректененнің несібі егіз», «Ұры байымайды, сұқ семірмейді, жұтқан жұтамайды».

3. Баяндауыш қызметінде жиі қолданылатын сөздердің тағы бір түрі – бар, жоқ деген сөздер. Бұл сөздер де, негізінде, ешбір жаққа жіктелмей, атау қалпында қолданылады. Мысалы, «Кісі болар баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар», «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» дегендей жазушының «Ботагөз», «Балуан Шолақ» шығармаларында кездесетін «Қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарса да» [2, 28] деген мақал осыған сәйкес.

4. Есімшенің тәуелді формада тұрып, сөйлемнің баяндауышы қызметін атқаруы – қазіргі әдеби тілімізге тән қасиет емес. Ал мақал-мәтел синтаксисінде ол да жиі кездеседі. Бірақ тәуелдіктің барлық түрінде емес, тек үшінші жақта ғана кездеседі. Мысалы, Сәбит Мұқанов «Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені, еменнің иілгені – сынғаны» [8, 66] деген мақалды өз шығармаларында жиі қолданған.

Сол сияқты бастауыш функциясында қолдануға тиісті зат есім айтылмайды да, бастауыш қызметі түсіріліп қалдырылған зат есімнің анықтауышы болуға тиіс есімше немесе сын есім атқарады. Мысалы, «Ұқыпты етегін жабады, ұқыпсыз ұятын табады», «Көп істеген – құп істейді». Осы орайда Сәбит Мұқанов шығармаларында мынадай мақал-мәтелдер қолданылған: «Көпті жамандаған көмусіз қалады» [7, 83], «Өсек – өрт, қашқан құтылады, қарсы жүрген өртеледі» [7, 207].

Ендігі бір тоқталатын нәрсе – сөз болып отырған бастауыш пен баяндауыштың орын тәртібіне байланысты. Құрылысы, құрамына енген сөздердің орналасу тәртібі жағынан алғанда, мақал мен мәтелді поэзия мен проза аралығындағы аралық категория деуге болар еді. Өйткені, мақал-мәтелдердің құрылысында поэзияға тән кейбір қасиеттер де, прозаға ұқсас қасиеттер де бар. Бұлардың құрылысындағы поэзияға ұқсастық қасиеттер – екі я одан да артық жолдан құралатын түрлерінде әр жолдың буын саны, үйлесім, ырғағы бірыңғай, біртектес болып келетіндігін де ғана. Бұлардан басқа белгілердің барлығы да мақал мен мәтелді поэзиядан бөлетін, оны прозаға жақындастыратын белгілер. Осыларға лайықты мақал-мәтел сөйлемдердегі бастауыш пен баяндауыштың орын тәртібінде екі жақтылық бар: оның бірі – поэзиядағы сияқты өз бастауышын өзі меңгеріп тұрған мүшелерден бұрын айтылуы болса, екіншісі – прозалық шығармалардағы сияқты баяндауыштың сөйлем соңында келуі. Бұл екеуінің алғашқысынан гөрі соңғы түрі әлдеқайда басым. Бастауыштың өз жетегіндегі сөзден немесе өз бастауышынан бұрын айтылуы үйлесім қушылықтан, я болмаса баяндауыш болып тұрған сөздің мағынасына ерекше мән беру мақсатымен инверсиялаудан туып отырады. Мысалы, «Көп сөйлейді залым би, аз сөйлейді әділ би», «Пышақ болмас

жетесіз, өзі болған жігіттің, тегін сұрап не етесіз». Бұған қатысты С.Мұқанов шығармаларында мынадай мақалдар кездеседі: «Ұл кетеді жайына, қыз кетеді байына», «Қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарса да» [2, 28, 102].

Мақал-мәтел халықтың тұтас бітім-болмысын ұлттық психологиямызға етене жақын ұғымдармен, ұлттық нақыш-бояумен шебер көрсететін және әдеби тілді дамытудағы орны айрықша даналық иірімдерінің бірі. Осы даналық иірімдерді, халқымыздың асыл қазынасын ақын-жазушыларымыз, сонымен қатар ана тілінде сөйлеп жаза білетін әрбір адам керек жерде, тиісті жерде ұтымды, орынды қолдана білген, сонымен бірге оны өндеп-жөндеген; өз жандарынан да жаңа мақал-мәтелдер қосқан. Осылайша халықтың даналық қоры іштей өсіп, ұдайы дамып отырады. Ауыз әдебиетінің басқа түрлеріне қарағанда, мақал-мәтелдердің бір даму ерекшелігі –осындай жалпыхалықтық қасиетінде. Сәбит Мұқанов «Ботагөз», «Адақандар», «Балуан Шолақ», «Аққан жұлдыз» шығармаларында мақал-мәтелдерді орынды әрі шебер қолданғандығын жоғарыда талданған мысалдар арқылы байқаймыз. Жазушы шығармаларында мақал-мәтелдер:

- Инверсия тәсілі арқылы құрамындағы сөздердің орны ауыстырылып, ыңғайластандырылып қолданылған;

- Плеонастикалық тәсіл арқылы өз жанынан сөздер қосылып, жаймаланып қолданылған;

- Эллипсис тәсілінің бүтін сөздерді қалдырып кету түрін қолдану арқылы жұмсалғанын байқадық.

Яғни, көркем сөз зергері халқымыздың осынау асыл қазынасын әр түрлі тәсілмен қолданғанын байқаймыз. Сондай-ақ, шығармалардағы қолданылған мақал-мәтелдерді тақырыбы жағынан былай топтастыруға болады:

- Адамгершілікке байланысты мақал-мәтелдер: «Адам аласы ішінен, мал аласы сыртынан», «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол».

- Салт-дәстүрге байланысты мақал-мәтелдер: «Ел жатпай – ит тынбас», «Ант бұзған оңбайды, салт бұзған сорлайды», «Он үште отау иесі».

- Сөз өнеріне қатысты мақал-мәтелдер: «Сөзде қаңқу жаман, ауруда шаншу жаман».

- Туыстық қатынасқа байланысты мақал-мәтелдер: «Мал қонысын іздейді, ер туысын іздейді», «Жауда бір үйің болсын».

- Байлық пен кедейлікке байланысты мақал-мәтелдер: «Арық атқа қамшы жау, жыртық үйге тамшы жау», «Ұры байымайды, сұқ семірмейді, жұтқан жұтамайды».

- Ерлі-зайыптыларға байланысты мақал-мәтелдер: «Жақсы әйел – ырыс, жаман әйел – ұрыс», «Үйді қырық әйел толтыра алмайды, бір әйел толтыра алады».

Қазақ әдебиетінің классигі М. Әуезов әріптесі С. Мұқанов туралы «Жолы кең жазушы», «әрі ақын, әрі драматург және әдебиет тарихының зерттеушісі Сәбиттің аты қазақ оқушысының мол қауымына өте даңқты, анық қымбат аттың бірі» – деп аса жоғары бағалаған. Қазіргі жаңа заманда да өткен тарихымыздан елес беретін және бай тіліміздің құндылығы сақталған

С. Мұқанов туындылары әрқашан оқырмандар назарында болады деген ойдамыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: 2002. – 664 бет.
2. Мұқанов С. Ботагөз. – Алматы: Жазушы, 1989. – 479 бет.
3. Мұқанов С. Аққан жұлдыз. – Алматы, Жазушы, 1875. – 485 бет.
4. Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту, методикасының негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 224 бет.
5. Мұқанов. Балуан Шолақ. – Алматы, Өнер, 1980, – 174 бет.
6. Қазақтың мақал-мәтелдері (Құрастырғандар Ө.Тұрманжанов, К.Ахметбекұлы). – Алматы: Раритет, 2004. – 440 бет.
7. Мұқанов С. Аққан жұлдыз. – Алматы: Жазушы, 1879. – 496 бет.
8. Мұқанов С. Адасқандар. – Астана: Елорда, 1999. – 307 бет.
9. Садырбаев С. Халық әдебиетінің тарихи негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 216 бет.
10. Қазақ мақал-мәтелдері (құрастырған Ж.Дәуренбеков). – Алматы: Ана тілі, ЖШС, 2001. – 192 бет.

Пословицы и поговорки, крылатые выражения придают прозе и поэзии особую значимость. Это умение поэты и писатели творчески используют в своих произведениях. В статье рассматривается мастерское использование пословиц и поговорок в произведениях С. Муканова для высказывания мыслей, описания и иллюстрации событий, характеристике героя. Также были исследованы различные приемы использования пословиц и поговорок.

Ключевые слова: пословицы и поговорки, произведение, синтаксис, инверсия, пленастический подход, эллипсис, писатель, сказуемое, подлежащее, прозаическое произведение.

Proverbs, sayings and idioms give special significance to prose and poetry. Poets and writers creatively use this value in their works. The article discusses the masterful use of proverbs and sayings by S. Mukanov to express thoughts, describe and illustrate events, characterize a character. The various techniques for using proverbs and sayings have also been investigated.

Keywords: proverbs and sayings, work, syntax, inversion, plenastic approach, ellipsis, writer, predicate, subject, prose work.

УДК 811.512

А. Саркенқызы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты тілдік дайындық кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, капитан.

М.С. Ауғанбаева, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті практикалық қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының магистрі.

С. МҰҚАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АМПЛИФИКАЦИЯ

Мақалада жазушы С. Мұқанов шығармаларында тұрақты тіркестерді молынан жұмсап, оқиганың экспрессивті-эмоционалды реңкін арттырғаны айқындалады. Қаламгердің тұрақты тіркестерді шеберлікпен қолданғаны жан-жақты қарастырылады. Жазушының плеонастикалық және амплификация тәсілдерін өз шығармаларында шеберлікпен жұмсауы зерделенеді.

Түйінді ұғымдар: синонимдер, фразеологиялық синонимдер, көркем әдебиет, мағыналас фразеологизмдер, плеонастикалық тәсіл, амплификациялық тәсіл, экспрессивті-эмоционалды реңк, көркемдік.

Тілдегі синонимдер жеке сөз ретінде де, тұрақты тіркес ретінде де кездеседі. Тұрақты тіркестер жеке сөздерге синоним болып келеді. Бірақ синонимдік қатардың тірек-элементі бола алмайды. Фразеологиялық синонимдер басқа сөздерден өзінің экспрессивті-эмоциялық бояуымен ерекшеленеді. Олар көркем бейне жасауда жиі қолданылады. Сондықтан бұлар тілдегі кез-келген стильде талғаусыз қолданыла бермейді. Бұлардың өздеріне лайықты орын алған мекені – көркем әдебиет. Көркем шығармада белгілі оқиға жай баяндалмайды. Жазушы болған оқиғаны өзінің ой елегінен өткізіп, оны түрлі-түсті бояумен әшекелейді. Сондай бейнелі сөз қазынасы – фразеологизмдер.

Тұрақты тіркестердің семантикалық нәтижесі – фразеологиялық мағына. Адамдар сөйлеу қажеттілігін өтеу кезінде фразеологизмдерді алдымен айтайын деген ұғымның мағынасына қарай тандайды. Сондықтан мағыналас фразеологизмдердің қатар басы фразеологиялық мағынаға бағыт беретін тірек сөз (доминант) – лексикалық мағынадан басталуы керек. Яғни мағыналас фразеологизмдердің доминанты ретінде қатар басында жалпы тірек ұғымға негізделген лексикалық мағына – бір сөз тұрады [1, 3].

Қазақ фразеологиясының негізін салған академик І. Кеңесбаев кезінде фразеологиялық варианттардан синонимдерді басы ашық мәселе ретінде қарап, «Синоним фразеологизмдерде ешбір компонент қайталана алмайды. Етістікті фразеологизмдердің мағыналары жуықтық болғанымен, тұрпат жуықтығы болмайды»деп жазғаны тұрақты сөз тіркестері ішінде кездесетін мағыналас фразеологизмдер туралы ойдың бастамасы еді [2, 413]. Мысалы:

1. Адамға санамады /есептемеді/, адам /кісі/ құрлы көрмеді – кісіге есептемеді, менсінбеді.

2. Жанды жан демеді – көзіне ілмей баса көктеді, ешкімді менсінбеді.

3. Кердең етті /асты/ – өзге жұртты менсінбеді.

4. Ернін шүйірді – жақтырмады, менсінбеді.

Осындағы синонимдердің бірде-бір ортақ сыңары жоқ. Демек, бұлар «синонимдес фразеологизмдер» деп ой қорытуы алғашқы ғылыми пікірдің қалыптасуына негіз болды. Мысалы: көмектесу, жәрдем беру ұғымдарын *қол ұшын беру, ат салысу, ат сауырын беру, қанатымен су себу, себін тигізу* т.б., ренжісу ұғымы – *бет жыртысу, жүз шайқасу, жүз көріспеу, ат кекілін кесісу, көз аларту, қабзақ шытысу, араларынан қара мысық өту, араға от түсу, ішіне мұз қату, өкпесін ала жүгіру* сияқты мағыналас сөз тіркестерімен жеткізуге болады.

Фразеологиялық синонимдер ұғымы жағынан бірінен-бірі сатылап өсіп, күшейіп отырады. Мысалы: *көз ілмеді, көз шырымын алмады, көрер таңды көзімен атқызды, түн күзетті, түн ұйқысы бұзылды.*

Өзара синонимдес фразеологизмдердің ең жоғарғы синонимдігі олардың кез-келген контексте бір-бірінің орнына еркін қолданыла беруінен байқалады. Ғалымдардың айтуынша, фразеологиялық синонимдерді бірінің орнына бірін ауыстырып қолдану төмендегі шарттарға байланысты іске асады:

1. Фразеологизмдердің семантикалық жағынан жақындық дәрежесіне байланысты;

2. Синонимдердің құрылымдық жүйесіне байланысты;

3. Фразеологизмдердің стилистикалық сипаты мен эмоционалдық бояуына байланысты.

Тұрақты тіркестер көркем шығарманың қай жанрында болсын, молынан қолданылып, көркемдік тәсілдердің ең сүбелі түрі ретінде стильдік қызмет атқарады. Қаламгерлер өз туындыларында тұрақты сөз тіркестерін мейлінше мол пайдаланады. Фразеологиялық тіркестерді пайдалануларынан олардың тілдік шеберлігі айқын танылады.

Фразеологизмдердің, әсіресе, оның семантикалық категорияларының көркем шығармаларда қолданылу аспектілерін толық айқындау үшін, классик авторлардың прозалық шығармаларына толық мәтіндік талдау жасау арқылы өрнекті сөз үлгілерінің стильдік қызметі талданады. Ол үшін авторлардың стильдік мақсатта жұмсаған фразеологиялық тіркестерді қолданудағы әдіс-тәсілдеріне назар аударуымыз керек.

С. Мұқанов шығармаларында тұрақты тіркестерді молынан жұмсап, оқиғаның экспрессивті-эмоционалды реңкін арттырған. Көркем шығармада автордың дара стиліне байланысты қолданылатын синонимдердің кейбіреуі жалпыхалықтық сипат алады. Ал көпшілігінің мағынасы контексте ғана айқындалады.

«Фразеологиялық синонимдер өзінің барлық бояу өрнегімен көркем шығармада түрленіп көрінеді. Синонимдердің стильдік сипаты әр жазушының сөз қиюластыру тәсіліне орай түрліше болады», – дейді Х. Қожахметова [3, 70]. Қаламгер синонимдерді және фразеологиялық синонимдерді қолдануда

шеберлік танытады. С. Мұқанов синонимдік тұрақты тіркестерді екі түрлі жолмен қолданады:

1. Өзара синонимдес сөз бен тұрақты тіркесті қатар және алшақ, яғни, арасына сөз кірістіріп пайдаланады (плеонастикалық тәсіл).

2. Өзара синонимдес тұрақты тіркестерді қатар да, алшақ та қолданады (амплификациялық тәсіл).

С. Мұқанов оқиғаны толыққанды суреттеу үшін өзара *синонимдес сөз* бен *тұрақты тіркесті* қатар немесе алшақ та қолданады. Оқиғадағы кейіпкерлердің ойын толықтырып, анық жеткізу үшін бұл әдіс ұтымды қолданылған. Автор фразеологиялық синонимді негізінен стильдік мақсатта жұмсаған.

1. «Тілімізде екі мәндес сөз қатар келіп, алдыңғысы соңғысын анықтап, мағынасын күшейтеді. Мұндай сөз қолданысын тіл білімінде *плеоназм* немесе *плеонастикалық сөз тіркесі* деп атайды. Синонимдерді **плеонастикалық тәсілмен** жұптап қолдану жекелеп қолданғаннан гөрі әлдеқайда мәнерлі» - деп атап көрсетеді Ә.Болғанбаев [2, 176].

Жазушы мағыналас сөз бен тұрақты тіркесті қатар қолданып (сөз+тұрақты тіркес), шығарма көркемдігін шырайландырған. Плеонастикалық тәсілді көркемдікпен қолданған.

Мысалы, Ол сапары ұзын қара мұртының қияғын ғана қалдырып, өзгесін ернінен асыра, таңқита қиған, шоқша қара сақалының тұтамнан артығын қырыққан, басы желкесі мен мандайына қарай сопая біткен, қабақ сүйегі томпиған шығыңқы, кішкене қара көзі шүнірек, дөңестеу келген беті ұзынша, иегі сүйір мойны бықырайған қысқа, жауырыны қушық, имиген нәзік денесі, аласа, ішкені бойына жұқпайтын *арық, денесі де, беті де қан-сөлсіз құп-қу*, қол-аяғы кішкене, саусақтары қылдырықтай адам [5, 47]. Бұл мысалда арық адамға мінездеме бере келіп, кейіпкер бейнесін *денесі де, беті де қан-сөлсіз құп-қу* деген тұрақты тіркеспен түйіндейді.

Ал келесі мысалда автор *сұлу келіншектің* портретін синонимдес сөзбен *үріп ауызға салғандай, қан мен сүт ақ жүзінде араласқан* деген тұрақты тіркестерді қолдана отырып, былайша өрнектеген: Шәйін ағаймен бірге жасасып келе жатқан Зылиқа жеңгей де ол кезде талдырмаш, кішірек денелі, бет сүйегі батыңқы біткен сопақтау *көркем келбетті, «қан мен сүт ақ жүзінде араласқан»* дегендей, *қызғылттау шырайлы, құлпырған ашаң өңді*, мандайдан төмен қарай тік біткен әдемі қыр мұрынды, қолмен қатарлап тізгендей жіңішке қиғаш қара қасты, мөлдіреген орташалау томпақ қара көзді, бүрілген оймақ ауызды, *үріп ауызға салғандай сұлу келіншек!* [5, 67].

Неге екенін кім білсін, молданың «үйлену» дегеннен жаны түршігеді, әйелмен қалжыңдасуды білмейді, қалжыңдасқысы келген әйелден *ат-тонын ала қашады*, кәрі кемпір отырған жер болмаса, жас әйел оңаша отырған жерге сүйресең *жоламайды* [5, 48]. Бұл мысалда құрмалас сөйлемнің екі компонентінде синонимдес сөз бен тұрақты тіркес алшақ орналасқан. Бірінші компонентінде *ат-тонын ала қашады* деп келтірсе, екінші сөйлемде *жоламайды* деген болымсыз етістік түрінде келеді.

Арасынан *иттің тұмсығы өтпейтін* Меңіреу қара қайыңның арасынан өзі ғана білетін бір жіңішке жолды тауып, *орманның қалың ішіне* сүңгіп, Балуан таң біліне жайлы жерге бекінді [7, 157]. Бұл құрмалас сөйлемнің бірінші компонентіндегі *иттің тұмсығы өтпейтін* деген тұрақты тіркес екінші компонентте *орманның қалың іші* деп берілген. Екі мысалда да автор бірінші тұрақты тіркестен кейін дара сөзді қолданады.

С. Мұқанов синонимдес сөз бен тұрақты тіркесті қатар да қолданады. Мысалы, *Және қой аузынан шөп алмайтын момын кісі*, ешқайда шықпайды, ол шықпаған соң, мен де шыға алмаймын, жеті жасымнан сиырдың соңындамын [5, 271 б.]. *Қой аузынан шөп алмас* деген сөздің мағынасы *момын адам* дегенді білдіреді, бірақ жазушы бұл сөздердің екеуін де қатар қолданады.

Өзі *ағаштан түйін түйетін шебер* балташы екен [5, 22]. Автор балташының шеберлігін таныту үшін *ағаштан түйін түйетін* және *шебер* сөзін қатар қолданған. «Балуан Шолақ» повесінде шебер сөзі шебер өреді, шебер тігеді, шебер өрнектейді, шебер пішеді деп 4 рет қайталанады, ал құрмалас сөйлемнің соңғы компонентінде *бармағынан бал тамған* деген тұрақты тіркесін қолданады: Күш өнері сондай болса, қол, тіл, үн өнері одан да қызғылықты: қайысты да шебер өреді ол, етікті де шебер тігеді, оюды да шебер өрнектейді, киімді де шебер пішеді ол, соның үстіне «*бармағынан бал тамған*» домбырашы... [7, 248].

Жүзіктің көзінен өткендей жылпос жас болыс – Итбайды губернатор Николайға таныстырды [7, 39]. *Жүзіктің көзінен өткендей* тіркесі мағыналас *жылпос* сөзімен қатарласа қолданылған.

«Сынықтан басқаның бәрі жұғады» дейді мақал. Ғалияға қосылғаннан кейін, оны еліктеймін деп, Біржан әнге, домбыраға әуестеніп, Салсымақтау боп, екінші жақтан – Ғалияны байбатша мырзалардан жеңіп алдым дегендей, *кеудесіне нан пісіп, нығызси бастаған еді* [7, 220]. *Кеудесіне нан пісіп* тіркесі мен *нығызси бастаған еді* және екінші мысалдағы *қымыз сапырулы, қол құсырулы* мен *даяр* сөздері өзара синонимдес болып келеді.

Өкпемен Жаманшұбарға көшіп кеткеннен кейін, бір жаз ат ізін салмай қойған Мұстафа, қысқа қарай іздеп кеп, Мұқанмен жыласып көрісті де, сол қыста *ат ізін суытпай* қайта-қайта *келгіштеп* жүріп, алдағы көктемде өз қасына көшіріп алып кетті [5, 23 б.]. Бұл мысалда *ат ізін суытпай* деген тұрақты тіркеспен *келгіштеп жүріп* мағыналас болып келеді. Келесі сөйлемде тұрақты тіркес екі синоним сөз қатар қолданылған: Оны жұрт «бұзылған жүзі қара» деп *көзге түрткі қылды, безініп, жоламады* [5, 181 б.].

Мысалдардан танылатыны синонимдес сөз бен тұрақты тіркестер жарыса келіп, оқиғаны айқындайды. Жазушы ойын дәлдеуде бұл әдістің маңызы айқын екені танылды. Мысалдарда фразеологиялық синонимдер мен синонимдер мағыналық аясы жағынан бір-бірінен жоғары-төменді, артық-кем болып ерекшеленеді, градациялық жолмен жоғарылап отыратынын байқадық. Адамның бір сәттік психологиялық күйін жоғарыдағы берілген мысалдардағы синоним сөздер жеткізе алады. Оқиғаны толыққанды жеткізуде, оқырман назарын аударуда автор мағыналас сөз бен тұрақты тіркесті қатар да, алшақ та

қолданып, шеберлік танытады. Плеонастикалық тәсіл шығарманың көркемдігін арттырғаны байқалды.

2. Өзара синонимдес тұрақты тіркестерді қатар да, алшақ та қолданады (амплификациялық тәсіл).

С. Мұқанов шығармаларында амплификациялық тәсіл жиі кездеседі. Осы жайында мына пікірге ойыссақ: «Фразеологиялық тұлғалар өзіндік қолданылу ерекшеліктеріне қарай, «мәтін ішіндегі мәтін» жасап, бір тіркес емес екі немесе одан да көп мағыналас фразеологизмдермен ерекше қатар түзейді. Мұндай жағдайда стильдік әсер мен айтушының ойын жеткізуде таптырмайтын мәнерлілікті туғызады. Мағыналас фразеологизмдердің мұндай табиғаты *амплификация* деп аталады. Амплификация (латынша *amplificatio*) – ұлғайту, стильдік фигураның бір түрі. Мәтін ішінде мағыналас троптың түрлерін немесе біртектес конструкциямен жасалған сөздер тізбегін қайталау.

Амплификация стильдік айшықтаудың градация, плеоназм сияқты бір түрі болғанымен, ол тек мағыналас сөздер мен сөз тіркестеріне тән стильдік құрал.

Лексика-фразеологиялық синонимдер амплификациялық тәсілмен мәтін ішінде, сөйлемнің өн бойында ұлғаймалы мағыналас тізбектер құрайды. Мағыналас бірнеше сөз немесе сөз тіркестерінің мұндай ұлғаймалылық сипаты айтылатын ойды жан-жақты ашып көрсетуге, олардың қандай да болмасын ерекшеліктерін бөліп, дәл саралап көрсету арқылы, қабылданатын шындық, құбылыс, ситуация туралы ойымызды тереңдете түседі. Ең бастысы – айтылар, жеткізілер ұғымды синонимдес сөз тіркестері арқылы тереңдете түсу» [4, 131].

С. Мұқанов амплификация тәсілін оқиғаны жан-жақты ашып танытуда, ерекшелігін айқындап, дәлдеп жеткізу мақсатында шебер қолданады. Мағыналас тіркестердің оқырманға әсері де айрықша болатынын көруге болады.

Амплификация тәсілімен жасалған шығармалардағы сөйлемдерді шартты түрде былайша топтастырған едік:

- Амплификация тәсілін жазушы адамның әрекетін, тіршілігін танытуда ұтымды қолданған. Мысалы, Бірақ ол қадірсіз екен: сол үйдің *отымен кіріп, күлімен шығады* екен, құлқын сәріден тұрғаннан қас қарайғанша *тізе бүкпей*, үйдің де, түздің де шаруасын дамыл-тиыштықсыз істей береді екен [17, 5].

Не жұмысқа болса да, *бар ынтасымен кіріседі де, қолы тиген жұмысын опырып жібереді* [5, 105].

- Амплификация тәсілін қыздың сұлулығын бейнелеуде былайша қолданған: Бәтес бұл түсінде *аққудың көгілдірі, піспеген қауын, жарылмаған жұмыртқа, сүттен ақ, судан таза періште, жаңа гүлденіп келе жатқан қызғалдақ!..* [6, 28]. *Бетінен нұры бөртін, қаны тамған, толқыған сұлу айдай кесер басы* [7, 11 б.].

- Адам өмірінің қиын сәттерін автор *өлмешінің күнін көріп, зорға тіршілік жасайды; тауы шағылып, беті қайтты; арқа еті арса, борбай еті борша боп жүр; сүйекке таңба түсті, өлім болды; қаны ілезде қайнап кетіп, екі көзі қанталай қалды; әлдінің қылығы өтіп, өзегі өртті; өкпесі алқымына тығылып, аузына сөз түспей; қысқа жіп күрмеуге келмей, ішімдік-киімдіктен кейде*

тарығып қалса; басыма тар күндер туа қалса, қан да ішер едім деген синонимдес тұрақты тіркестерді бір сөйлем ішіне сыйғызып, суреттеліп отырған оқиғаға экспрессивті-эмоционалды реңк береді. Мысалы, Ауыл байлары аздаған ғана жалшы ұстайды, қалған кедейлер өлмешінің күнін көріп, зорға тіршілік жасайды [5, 26].

«Аз үйлі Үйсін» деп, Балuanды ұстап әкетпек болған жау жағының тауы шағылып, беті қайтты [7, 151].

Арқа еті арса, борбай еті борша боп жүр байғұстың [5, 100].

«Анаң, Ғалия ұсталды» дегенде, тұла бойы мұздана қалған Балuanның қаны ілезде қайнап кетіп, екі көзі қанталай қалды [7, 240].

Бала күннен әлдінің қылығы өтіп, жас күнінен өзегі өртті болды [7, 10].

•Адамдар арасындағы қарым-қатынасты бейнелеуде амплификациялық тәсілмен жасалған мысалдар төмендегідей: Келін біткен әжемнен қойдай ығысады, бір де бірі алдын кесіп өтпейді [6, 101 б.].

Ол кете ағыл-тегіл жылаған Қалампыр біраздан кейін үйіне оралған Баймырзаға кей кездегі дағдысымен, енді жылы шырай беріп, жұмсақ сөз айта бастады [7, 101].

Ғалияның көңілін қалдыру былай тұрсын, кірбің салуға да жоламай дағды алған ол [7, 170 б.].

•Жазушы С.Мұқанов амплификациялық тәсілмен жасалған, яғни, екі компоненті өзара мағыналас жалпыхалықтық қолданыстағы тұрақты тіркестерді де шығармасына қосқан. Мысалы, Досқа күлкі, дұшпанға таба болғың келіп пе еді? [7, 181].

•Адамның балалық шағы мен өсіп-жетілуін, жас шамасын білдіретін мағыналас тұрақты тіркестер шығармаларда былайша бейнеленген: Ең алдымен, батырақ семьясында туғанмен, біреудің жалғыз ұлы болған соң, әкешем мені бетке қақпай, еркін ұстаған, сондықтан олардың тұсында мен шалдуар-тентек болғам [5, 73].

Қияға өрлеп, қырандай қанат жайып,

Табым десем козады «аруағым» [5, 6].

Есін біліп, етегін жапқан соң, өзі де қарап отырмас, ақылы бар бала [7, 102].

Бірақ бұлардың біреуіне де әкесі міз баққан жоқ. Оның жауабы: «Балам ер жетсін, кемеліне келсін, ақылы толсын, содан кейін кімге барса да, еркі. Теңі келсе, тегін берем» [7, 161].

Апам мен екеуіңнің аштан өліп, көштен қалмауыңа Төлебай екеуміз, әсіресе, мен кепіл болайын [7, 106].

Ғалым І. Кеңесбаевтың фразеологиялық сөздігінде «мейманасыасты» деген тіркес «асып-тасыды, көңілі өсіп масаттанды» деп берілген [2, 513]. С.Мұқанов бұл тіркеске мағыналас тұрақты тіркестерді қоса берген: Торсанның балалары мейманасы тасып тұрған кезінде, «қаздың етінен басқа ет ет пе» деп, сиыр еті былай тұрсын, қой мен жылқының семіз етіне мұрындарын шүйіреп еді [5, 261]. Сондай, «мұрнымен құс тістептұрған» кезінде, – дейді Болтабай кейіген кескінмен, – мейманасы тасыды бұлардың [5, 260].

Берілген синонимдес фразеологизмдер бір-бірінен семантикалық реңіне, стильдік бояуына және қолдану аясына қарай да ерекшеленеді. Фразеологиялық синонимдер топтары бірінен соң бірі сатылап дамып, тіркес мағынасы кеңейе түседі.

Амплификациялық қатар түзеп тұрған фразеологизмдердің бірқатары авторлық фразеологизмдер екені жайлы ғалым Г. Смағұлова теориялық тұжырым ұсынады. Ол фразеологизмдердің авторлық қолданыстары туралы сөз айтқанда мынадай мәселелерге назар аудартады:

1. Сөйлем ішінде бірнеше мағыналас фразеологизмдер амплификациялық қатарлар түзеді. Егер екі-үш қатарлы мағыналас фразеологизмдер болса, онда бірқатары – авторлық фразеологизмдер.

2. Мағыналас қатарлар ішінде фразеологизмдердің, әсіресе, лексикалық вариант үлгілері жиі өзгерістерге ұшырап отырады. (Мысалы түкірігі // қақырығы жерге түспеу, қаймағы бұзылмау\\шайқалмау).

3. Мағыналас фразеологизмдер қатары авторлық қолданыстарда сыртқы дыбыс үйлесімділігімен жиі байқалады.

4. Авторлық қолданыста окказионал фразеологизмдердің мағыналарында ұлттық мәдени ойлау ерекшеліктер, стереотиптер арқылы тұтастай ұлт менталдығын айқындайтын соны тұрақты тіркестер тобы жиі көрінеді. Уақыт өте келе олар фразеологиялық қорға қосылуы мүмкін [4, 82].

Осы тұжырымдарға сүйенсек, амплификациялық қатар түзеген тіркестердің бірқатары авторлық болып келеді.

Жоғарыдағы мысалдардан шығарма тіліндегі фразеологизмдердің әртүрлі бейнеге құрылса да, мағынасы жағынан бір-біріне жақын екендігін байқадық. Яғни, синонимдес фразеологизмдер сөздің орнына жұмсалып қана қоймай, мағына жағынан бір-біріне сәйкес, үйлес келіп, біріне-бірі балама бола алатынын жинастырған материалдарымызды талдау барысында анықтадық.

С. Мұқанов амплификация тәсіл мен плеонастикалық тәсілді көркемдікпен қолданған. Мағыналас тіркестерде сыртқы дыбыс үйлесімділігі байқалады. Жазушы мағыналас ұғымдарды бір сөйлемге сыйдырып, оқиғаның бояуын қалыңдатады. Өзара синонимдес сөздер мен тұрақты тіркестерді жазушы кейіпкерлер мінезін терең танытуда, оқиғаны оқырманға әсерлі жеткізуде шеберлік танытады. Тұрақты тіркестер жазушының қаламы арқылы жанданған. Адамның ойлаған ойын, көңіл-күйі мен көзқарасын нақты әрі көркем түрде жеткізу үшін синонимдер айрықша қызмет ететініне көз жеткіздік. Сөйлемдегі синоним сөздер мен фразеологиялық синонимдер оқырманға жай баяндау ғана емес, сипаттауға, сөзбен сурет салуға әсерлі қызмет етіп тұрғаны байқалды.

Батыс саясатын ұстанып, кәсіпкерлікке негізделген тұста жастардың да заманға ілесіп іскерлікке ыңғайланып бара жатқанын байқауға болады. Жастар әскери мамандықтан гөрі тездетіп шет тілін меңгеріп, программист не болмаса техникалық ғылымдарды меңгеруді жөн көріп отыр.

Кеңестік кезеңде әскери шені бар адаммен отбасын құру әрбір қыз үшін көп армандарының бірі болған. Қазіргі қыздар үшін ол арман келмеске кеткен сияқты қалайтындардың қатары саябырсыған тіпті көпшілігі «жақсы ғой дегенменде горнизоннан горнизонға көшу, алған мамандықпен жұмыс істемей қара кешке дейін үйде отыру «мен үшін емес секілді» - деп жауап беруде.

Жастардың әскери борышты өтеудің маңыздылығын түсініп жатса ол дегеніміз нағыз патриотизмнің жарқын көрінісі емес пе? 1990 жылдар мен 1998 жылдар аралығында жастар әскери борышын өтеуден жалтарып қашатын екінің

бірі барғысы келмейтін болса, қазір бұл көрсеткіш жаман емес әскерге өздері сұранып баратындардың қатары көбеюде.

«Патриотизм» Қазақтың тарихындағы 10 креативті идеяның біріншісі болып табылады. Патриотизм ұғымы пенденің туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігі. Бірінші елбасы, «Отанын Б. Момышұлындай сүюді өнеге етіп қалдырған басқа қаламгер жоқ. Ол «өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу сатқындықтың белгісі. Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет ет! Отан үшін отқа түс күймейсің! Опасызда Отан жоқ, елсіз ер болмайды, жұртсыз жігіт болмайды» – дейді. Жастар осы қағиданы өмірлік ұстаным етіп алу керек [2, 33 б.].

Қазіргі жастардың екпінінен атақ, мәртебеден гөрі білім алып өз-өздерін дамытқысы келетінін аңғарамыз. «Болашақ» бағдарламасымен оқуға түскен жастардың біраз бөлігі елге қайтпай шет елде қалып қалуды жоспар-лайтын көрінеді. Бұл да еліміз үшін үлкен проблема тәжірбиелі маман болу үшін шет ел тәжірбиесін меңгеріп алған соң еліне келіп қызмет көрсетсе еліміз көркейер ме еді?

Жастардың патриотизмін зерделеу барысында «*Сіз өзіңізді патриот санайсыз ба?*» сауалнамасына жастар дерлік 90 % иә деп жауап берді. Халқымыз ежелден ұрпағын туған жерін, Отанын сүйуге баулып елдік сананы қалыптастырған. Қазақ халқының патриоттық тәрбиесінің тамыры тереңге бойлайды. Патриотизм тәрбиесі ең алдымен отбасында басталатынын бәріміз білеміз. Қазақстанда жеткіншектің санасына патриотизмді қалыптастыру жолдары жан-жақты түрде жүзеге асады. Бала-бақшадан бастап мектеп, университет қабырғаларында жақсы жолға қойылған. Жас ұрпақтың бойында жоғары патриоттық сезімді қалыптастыру, өз елі үшін мақтаныш, азаматтық борышын өтеуге деген дайындығын тәрбиелеуде гуманитарлы пәндерді оқытып үйретудің де маңызы зор.

Заман талабына сай білімге инновациялық технологияларды пайдалану мемлекеттің алдыға жылжуы үшін жаратылыстану ғылымдарын басты орынға қойылуы сөзсіз дұрыс. Ал гуманитарлы пәннің орны қандай? Адамның интеллектуалды қабілетін өсіре отырып, жас буынға адамгершілікті, рухани құндылықтарды бойына егеді. Гуманитарлы білім талпынған жастың санасын кеңейтетін, кемелдікке жетелейтін ілімдер жүйесі болып табылады.

Ертеңгі күнге есік ашатын, болашаққа сенім арттыратын бүгінгі жастардың жүріс тұрысы, өмірлік беталысы арқашан да аға буынның назарында. Жастардың аға буын түсіне бермейтін өздеріне тән субкультурасы яки мәдениеті бар. Келесі кезекте субмәдениетке қатысты «*Сіз қандай жанрда музыка тыңдайсыз?*» - деген сауалнамадан 23 % ғана әскери әндерді аз тыңдайтынын көреміз. Гуманитарлы пәндердің ішінде философия-ның эстетика тақырыбына арналған іргелі бөлімі бар. Эстетика – сұлулық заңдарын қарастыратын ілім. Эстетика сұлулықпен сезіммен қабылдау дегенді білдіреді. **Эстетиканың жоғарғы формасы өнер.** Өнердің сан саласы бар соның ішінде музыканы алатын болсақ, орны ерекше.

Орта ғасыр ойшылы аль-Фараби «музыканың ұлы кітабы» деген еңбек жазған. Музыканың адам жанын емдейтін құдіреті бар? Музыка жайлы әл-

Фараби: «жақсы музыка жаныңды жадыратады, жаман музыка жанды бұзады. Аспандағы сұлулық жұлдыз болса, музыка жер бетіндегі ғажайып дүние, адамды ізгілікке жетелейді» деген болатын [3, 23 б.].

Музыка рухты қайраттандырады, жігер береді. Жас буынның рухын ояту үшін патриоттық музыкаларды көбірек тыңдағаны жөн. Мысалға алатын болсақ, Бекболат Тлеуханов «Елім», Нұрғали Нүсіпжанов «Өз елім менің», Ескендір Хасанғалиев «Атамекен», Роза Рымбаева «Атамекен-ай», Соңғы кезде хит болып жүрген «Қазақтың жігіттері», «Алға қазақ жігіттері» т.б. деген әндерді көбірек тыңдау еліңі сүйіспеншілігіңді арттырады, ішкі рухыңды көтереді.

Өнердің тағы бір саласы кинофильмдер. «Сіз қандай киножанрларын көп көресіз?» атты сауалнамаға қатысқан жастар әскери киноны емес қорқынышты киноларды, мелодраманы белгілеген. Тарихи деректерді, өмір болмысын баяндайтын өнер түрі болып табылатын киноиндустрия Қазақстанда енді дамып келе жатқан сияқты. Кино адамға қуаныш сылай отырып, өмірлік бағдарламасын өзгертуі мүмкін.

Патриоттық әндермен, әскери фильмдермен жас буынды патриотизмге тәрбиелеуге болады. Осыны ескере келе Әскери Құрлық Әскерлерінің Әскери институтының ұйымдастыруымен әскери әндердің орындалуы «Ақ көгершін» фестивалын өткізу жоспарлануда. Алматы қаласында 2020 жылдың мамыр айынан маусым айы аралығында «Отау синема» орталығы-мен келісім жүргізіп жаппай әскери, соғыс жылдарындағы киноларды кино-театрларда тегін қою акциясын өткізу қолға алынды. Жасалатын жобалар әлсіз еркектерге, қашақтап жүрген ер балаларға ой салар.

«Әйел затынан өмір бойы тәрбие алған ер баланың жүрегі расымен де нәзік, сөзге жақын, ер адамның істейтін тірліктерінен хабарсыз болады. Аталардың тілімен айтқанда ынжық болмай қайтсін әйелдің жетегімен жүріп, кейін келе езге айналамасқа кім кепіл. Соңында оңбаған еркек қайдан шыққан? – дейміз. Оңбаған еркек ер балаларға кішкене кезінен берілетін тәрбие-нің дұрыс ұйымдастырылмауынан шығады. Қоғамдағы жалғыз басты ана, алданған қыз, алиментін төлемей қашып жүрген әке, жанұясын тастап кеткен еркек, қырықтан асса да отырып қалған кәрі жігіт – осының барлығы ер адамның рухани әлсіздігі мен жауапсыздығынан туындап отыр. Тәрбиені кішкене кезден қолға алсақ, жоғарыдағы мәселенің бірі болмас та еді» [4, 72 б.].

Жоғарыдағы мәселелердің шешілу жолдарына әскери эстетикалық тәрбие жұмыстарын жақсы жолға қойып қолға алуды негіздеймін.

Жалпы, зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде қазақстан жастарының қарқыны жаман емес. Жастардың Қазақстан Қарулы күштеріне қатынасы жақсарған, болашақта әлемдегі мықты Қарулы күштердің санатына қосылатынымызға зор сенім ұялатады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қоғам және дәуір. Қазақстан жастары: саяси құндылықтар, қызығушылықтар және белсенділік // ҚСЗИ. Ғылыми сараптамалық журнал. – Астана. – 2017. – № 2. – 45 б.

2. Б. Момышұлы. Психология войны. – Алматы, 2006. – 42 б.

3. Әл-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. – Алматы, 1993. – 97 с.

4. Қоғам және дәуір. Қазақстан жастары: саяси құндылықтар, қызығушылықтар және белсенділігі // ҚСЗИ. Ғылыми сараптамалық журнал. – Астана. – 2017. – № 2. – 107 б.

В статье рассматривается отношение молодежи Казахстана к вооружённым силам Казахстана. Выясняется роль и значение военной эстетики в росте патриотического духа молодежи.

Базовым методом социологического исследования выступил массовый опрос с применением случайной репрезентативной выборки объемом 1000 человек.

Ключевые слова: молодежь Казахстана, опрос, политические ценности, военно-профессиональное воспитание, образование, эстетика.

The article discusses the attitude of Kazakhstan's young generation to the armed forces of the country. The role and importance of military aesthetics in the growth of the patriotic spirit of youth is being clarified.

The basic method of sociological research was a mass survey using a random representative sample of 1000 people.

Key words: Youth of Kazakhstan, survey, political values, military professional education, education,

УДК 811.512

А. Саркенқызы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты тілдік дайындық кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, капитан.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ ТОПТАСТЫРУДЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ-АНАЛИТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Мақалада ономастика ғылымының тарихы, зерттелу жайы, ғалымдардың пікірлері айшықталған. Топонимдік атауларды топтастыру әдісін ғылыми тұрғыда зерделеген еңбектер қарастырылған. Ұлттық топонимияның ерекшеліктері сараланған. Ономастикалық бірліктерді зерттеудің аспектілеріне жан-жақты түсініктеме берілген.

Түйінді ұғымдар: ономастика, топонимия, ұлттық топоним, аспектілер, әдіс-тәсілдер, ономастикалық классификация, жер-су атаулары, қазақ топонимдері, ғалымдар, тіл білімі.

Тілдік материалды зерттеу әдіс-тәсілдері уақыт озған сайын дамып, жетіле түсуі диалектикалық заңдылық. Ұлттық тіл білімінің зерттеу деңгейі де замана талабына қарай, әлемдік лингвистика ғылыми даму үдерісіне сай күрделене түсуде. Қазақ ономастикасы да ғылыми-деректік қоры, зерттеу әдіс-тәсілдері де ғылымдағы өзгеріс-жетістіктерден тыс қалмай, әдістанымдық тұрғыдан толыға түсті. Зерттеуші ғалымдар Т. Жанұзақ пен Қ. Рысберген қазақ ономастикалық ғылымының даму жолын талдай отырып, зерттеу ерекшеліктеріне қарай кезең-кезеңге бөліп қарастырған. Өткен ғасырдың 80-90-шы жылдары қазақ ономастикасының, оның ішінде, топонимияның қарқындап дамуымен ерекшеленсе, 90-жылдардың соңына қарай зерттеу парадигмасы жаңа антропоэлектік бағытқа бет бұра бастады. Аталмыш мерзімдегі қазақ топонимистерінің зерттеулеріне тоқталар болсақ, бұл кезеңде еліміздің әр аймағының жер-су атаулары ерекшеліктерін айқындап-айшықтап берді деуге болады. Аймақтық топонимиядан қорғалған біршама ғылыми еңбектер ұлттық топонимиямыздың бойындағы ұлттық ерекшеліктерді жер-су атауларының табиғи-географиялық, жер бедері, рухани-діни, тұрмыстық сипатының жалпы бейнесін сипаттап берді. Бұл кезеңдегі негізгі зерттеу тәсілі ретінде тарихи-салыстырмалы, типологиялық, этимологиялық, детерминативтік, классификациялық, яғни, тақырыптық топтастыру әдіс-тәсілдері кеңінен қолданылып, айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді. Баршамызға белгілі аталған әдіс-тәсілдер дәстүрлі құрылымдық және лексика-семантикалық зерттеу әдістеріне жатады. Басқаша айтсақ, бұл әдіс-тәсілдерді қолдану, зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелер лингвистикадағы, оның ішінде, ұлттық ономастикадағы жаңа антропоэлектік бағыттағы зерттеулердің іргетасы, ғылыми бастама ретінде бағаланады.

Ономастикалық, оның ішінде, топонимдік классификация тарихына азды-кем ілгерілесек, славян топонимиясында чех ғалымдары сөз бастаған болатын.

Топонимдік атауларды топтастыру дәстүрін ғылыми тұрғыда зерделеген В.Ташицкий, өз кезегінде алғашқы топтастыру әдісін славян (чехтардың) тіліндегі жер-су аттарын зерттеген көптеген ғалымдарды атай келе, Францишек Палацкийдің (1834) классификациясына ерекше назар аударады. Ол жер-су атауларын екі топқа бөліп қарастырған:

1) елді-мекенді салдырған немесе иесі болған адамның есіміне байланысты атаулар;

2) табиғи жағдайға орай берілген атаулар. Өзіне дейінгі ғалымдардың топтастыруларын тілден тыс кеткен деп санаған В. Ташицкий (1958) өз жүйесін құрады. Ол өзі зерттеген елді-мекен атауларын ескі әдіспен үлкен екі топқа бөлді:

А – әрқашан елді-мекен атаулары болған атаулар;

В – бұрын адам есімі болып, кейін топонимге айналған атаулар.

Әр топтың ішінде тарихи-этнографиялық және тілдік бөлімдер енгізді. Содан соң қалған материалдарды С – екі ұғым беретін атаулар және Д түсініксіз атаулар деп бөліп тастайды [1, 158]. Жер-су атауларын топтастыру тарихын жан-жақты зерттеген белгілі орыс ғалымы А.В. Суперанская, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін ескере отырып, өз жеке классификациясын ұсынады. Ономастикалық классификация барысында атауларды қандай да бір тілге, жерге, хронологиялық бөліктерге, әлеуметтік формацияларға қатысына байланысты қарастыруға болатындығын айтады. Сөйтіп, ғалым атаулардың лингвистикалық, экстралингвистикалық қырларын алға тарта отырып, мынадай топтарда қарастырады:

1. Атауланатын нысанамен байланысты классификация;

2. Табиғи және жасанды жолмен пайда болған атаулар;

3. «Микро» және «макро» өлшемі бойынша топтастыру;

4. Атаулардың құрылымдық классификациясы;

5. Хронологиялық классификация;

6. Атаулардың олардың уәжділігімен байланысты классификация және жанама түрде қосарланып жүретін этимологиялық топтастыру;

7. Атауларды олардың мазмұнындағы ұғыммен байланысты топтастыру;

8. Тіл – Сөйлеу дихотомиясымен байланысты классификация;

9. Стилистикалық және эстетикалық классификация [1, 159].

Байқасақ, жалқы есімдерді бұлай топтастыру олардың әртүрлі қырларына қатысты келеді, яғни аталған классификациялар барлық атауларға бірдей тән еместігін көрсетеді. Алайда барлық жалқы есімге ортақ қасиет ретінде кез-келген топтастыруда ең алдымен оның заттық-номинативтік, яғни аталымдық ерекшелігі бірінші орынға шығатындығын айта кету керек. Тіл білімі ғылымы, оның ішінде ономастиканың эволюциялық дамуы барысында қазіргі заманауи зерттеулерде қоршаған ортаны, жалпы этномәдени, ономастикалық кеңістікті идеографиялық аймақтарға жіктеп қарастыру аса өзекті болып отыр. Оның өзі адамзаттың барлық тіршілік аясын қамтитын және іштей тармақталып кететін, мәселен, академик Ә. Қайдар ұсынған Адам, Қоғам, Табиғат ірі бірнеше кешенді секторға бөлінеді.

Этнологиялық кеңістіктегі Адам, Қоғам, Табиғат әмбебап идеографиялық құрылымдарының тармақ жіктемелерін құрайтын концептуалдық жүйелер, яғни ұлттық топонимді катаулар – қоршаған ортаны қабылдау, ат беру қазақ халқының дүниетанымы сүзгісінен өткен, ұлттық сана елегінен өткізілген тілдік-менталдық бірліктер. Жаңа антропоэкеттік үдеріске сай бұл идеографиялық аймақтар этностың ғалам бейнесінде көптеген концептілік өрістерде жаңғыртылып, көрініс табады.

Қазақ ономастикасы, нақтырақ айтсақ, жер-су аттарын лексика-семантикалық, тақырыптық топтар мәселесіне қатысты қазақ, түркітілдес топонимия саласындағы ғалымдары да ауқымды еңбек атқарды. Өткен ғасырдың 70-80 жж. түркітілдес ұлттық топонимиясын лексика-семантикалық жағынан топтастыру А. Әбдірахманов, С. Атаниязов, Г.Ф. Саттаров, Қ. Қоңқабаев, О.А. Сультаньяев, А.А. Камалов, О.Т. Молчанованың еңбектерінде орын алады.

Ал түркі тілдеріне ортақ боларлықтай жер-су атауларын жан-жақты топтастыру Ресей жеріне қарасты таулы Алтай өңірін зерттеген О.Т. Молчанованың еңбегінде «Адам» және «Табиғат» деген үлкен екі топта берілген [2, 17]. Бұл топтар іштей көптеген ірілі-ұсақты тақырыпшаларға жіктеле түскен. Қазақ топонимиясында А.Әбдірахманов жер-су атауларын алғаш рет лексика-семантикалық топтастыру барысында жасалу жолдарына қарай 14 топқа бөлген [3, 37].

Белгілі ономаст ғалым Т. Жанұзақов: «Қазақстан жер-су аттарының (топонимдерінің) лексика-семантикалық классификациясына назар аударудың ең басты мәні – топонимдерді лексикалық тұрғыдан топқа бөле отырып, мән-мағынасын ашу, олардың адамның іс-әрекеті, тұрмысы, қоғамдық өмірімен байланысын анықтап білу болып табылады» деп қазақ ономастикасы алдындағы міндетін түйіндеп кетеді [6, 29].

Б. Бияров классификация мәселесін қарастыру барысында мынадай қорытынды жасайды: «Ұлттық кәсібі бір, көшпелі өмір барысында мидай араласып өскен, тілінде ала-құлалық жоқ қазақ халқының жер-су аттарын лексика-семантикалық тұрғыдан топтастырғанда жалпы ұқсастық болуы – заңды құбылыс. Көптеген көршілес (орал-алтай тектес) халықтардың ұқсас табиғи географиялық жағдайда қатар тіршілік жасауда дәстүрлі мәдениетінде, этнографиялық салттарында, тілдерінде, жер-су атауларында қатар қалыптасып, қатар дамуы нәтижесінде көптеген параллельдер, ұқсастықтар болуы да заңды. Сондықтан ономастикада жер-су аттарын лексика-семантикалық сипатына қарай топтастыру қалыптасқан» [5, 47].

Ол Өр Алтайдың жер-су атауларын негізгі мынадай топтарға бөледі:

1. Қоршаған ортаның геофизикалық ерекшеліктерін сипаттайтын оронимдер.
2. Адамның іс-әрекеті мен тұрмыс-тіршілігіне байланысты оронимдер.
3. Жануарлар дүниесіне байланысты қалыптасқан оронимдер.
4. Өсімдік әлеміне байланысты қалыптасқан оронимдер.

Топтастыру құрамында міндетті түрде болуға тиісті түр-түс, сан-мөлшер, этноним, анротопоним т.б. тармақтарын халықтың рухани байлығы, діни

көзқарасы, менталитетімен байланысты болғандықтан, этнолингвистикалық сипат тұрғысына қарай қажеттігі туатындығын айта келе, әрі қарай төмендегідей жіктей түседі:

1. Қоршаған ортаның геофизикалық ерекшеліктерін сипаттайтын оронимдер: а) жер бетінен көтеріңкі жатқан бедерді білдіретін атаулар; ә) жер бетінен төмен жатқан бедерді білдіретін оронимдер б) жер бетінің бейтарап бедерін білдіретін оронимдер.

2. Адамның іс-әрекеті мен тұрмыс-тіршілігіне байланысты оронимдер.

а) Мал шаруашылығына байланысты қалыптасқан оронимдер:

1) мал және басқа үй жануарлары туралы әртүрлі мәлімет беретін оронимдер;

2) малдың қысқы, жазғы тұрақтары, өрісі жөнінде мәлімдеме беретін орнимдер;

3) малға жайылым болатын шөпті, сазды жерлердің аты;

4) мал суаттарын білдіретін атаулар;

5) мал айдап өтетін тау жолдары, өткелдерге байланысты атаулар;

б) мал шаруашылығына қатысты табиғат құбылысы мен ауа-райына байланысты атаулар:

ә) Егін шаруашылығына байланысты атаулар.

б) Жергілікті аймаққа тән басқа кәсіп түрлеріне байланысты атаулар:

Аңшылық.

Жануарлар дүниесіне байланысты қалыптасқан атаулар.

Өсімдіктер әлеміне байланысты қалыптасқан атаулар.

Жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты кездесетін орографиялық терминдер.

Анатомиялық атауларға байланысты қалыптасқан жер-су атаулары табиғатын Қ. Рысберген мен Б. Бияров жан-жақты қарастырып, оған қатысты соматикалық терминдерді түгелдей дерлік жіктеп берген. Б. Бияров 41 терминді келтірсе, Қ. Рысберген 43 жер-су атауын жасауға қатысатын соматикалық терминдер тізімін карта түрінде көрсетеді. «Ұлттық топонимикада да жер-су атауларын жасауға соматикалық атаулардың белсенді түрде қатысатындығы туралы зерттеулерде, диссертацияларда, жеке мақалаларда сөз болады. Байқағанымыздай, қазақи топонимдік атауларда соматикалық код ерекше орынға ие, себебі адамның төбесінен табанына дейінгі соматикалық атаулар топонимдік кодта репрезенттеледі екен», – дейді [6, 41].

Қазақ ономастикасының жалпы мәселелеріне қатысты осы саланың негізін қалаушылар Ә. Абдрахманов, Е. Қойшыбаев, Т. Жанұзақ, О. Сұлтаньяев, Е. Керімбаевтардың зерттеулерімен қатар, соңғы он-жиырма жыл ішінде аймақтық топонимика мәселелеріне қатысты көптеген жұмыстармен толыға түсті. Бұл зерттеулер лингвистикалық сипатта болғандығын атап көрсеткен орынды.

Топонимия саласы – бірнеше іргелес ғылыми салалардың материалдарымен қатар зерттеу әдіс-тәсілдерін қолданатын, яғни кешенділікті қажет ететін сала. Сондықтан жер-су атаулары табиғатын әдебиеттанушылар, тарихшы-этнологтар, географтар да қолданады. Жалпы топонимдердің табиғи

ортамен байланысы география мамандары Э.М. Мурзаев, Ә.С. Бейсенова, С.А. Әбдірахманов, Б.А. Будагов, Ғ.Қ. Қоңқашпаев, А.П. Горбунов, К.Д. Каймулдинова, А.С. Омарбекова, Ә.Е. Аяпбекованың еңбектерінде көрініс тапты.

География ғылымы тұрғысында тұңғыш рет қазақ топонимдерінің ақпараттық жүктемесінің этноэкологиялық негіздері К.Д. Каймулдинованың зерттеулерінде талқыланса, топонимияның ландшафттар динамикасы және табиғатты қорғау мәселелеріне қатысты қырларын қазақ жер-су атаулары негізінде географиялық ғылымдар тұрғысында зерттеген А.С. Омарбекова және Ә.Е. Аяпбековалар болды. Ұлттық топонимияда, аймақтық зерттеулерге салыстырмалы талдау мен қатар кешенділік сипат беру үшін оны өзге ғылымдардың әдіс-тәсілдерімен жетілдіру, толықтыра түсу нәтижелі болмақ деп ойлаймыз. Ономастикалық бірліктерді зерттеу қазіргі кезде дәстүрге айналған әртүрлі аспектілерде іске асады [2, 19]:

а) географиялық аспект – жалқы есімдер географиялық фактордың (қоршаған ортаның, яғни табиғат және климат жағдайларының) ықпалын анықтау; жалқы есім жасауда қатысатын жергілікті, диалектік лексемаларды, фонемаларды, морфемаларды анықтау; қайталанатын элементтердің (қосымша, форманттар), типтердің, модельдердің кей кезде үлкен территорияда таралу ареалын анықтау; атаулардың көші-қонын анықтау – жалқы есімдер топтарының территориялық ауысуы, соның ішінде ішкі миграция (бір ел ішінде) немесе сыртқы миграция (бір елден екінші елге) ескеріледі;

ә) тарихи аспект – жалқы есімнің қалыптасуы мен атқаратын қызметінің және нақты тарихи кезеңмен байланысын зерттеу (тарихи-мәдени дамыған қоғамның жалқы есімге ықпалы; тіл тарихымен байланыста жалқы есімнің дамуы);

б) лингводеректану аспектісі – әр жанрдағы және әр дәуірдегі жазба және басылып шыққан ескерткіштерді зерттеу. Оларды талдау барысында жалқы есімдердің қалыптасу тарихын анықтауға, әлемнің архаикалық моделін жасауға, сонымен қатар көне әлемнің этнографиялық, географиялық, мәдени-тарихи аясын қалыптастыруға мүмкіндік беретін көптеген үлгідегі сақталған көне жалқы есімдердің құнды материал екендігі анықталады;

в) лингвомәдениеттану аспектісі – жалпы мәдени нормада, оқиғалық нормада және коммуникативтік өзін-өзі ұстаудағы жекелеу нормада жалқы есімдердің қолданылу шарттылығын анықтау; жалқы есімдер көрініс тапқан мәдениетті халықтың тарихи жады ретінде анықтау: белгілі халықтың мифологиялық көзқарасы, жеке ақпаратқа ие жалқы есімдер ұлттық-мәдени семантикасы, яғни нақты тарихи тілдік қоғамдастықтың мәдени құндылықтарына негізделген тұрмыстың ұлттық формаларын көрсететін жалқы есімдер жүйесін зерттеу;

г) лексикографиялық аспект – әртүрлі оним разрядтарына лексикографиялық инвентаризация жасау және әр аспектте, яғни тарихи-этимологиялық, тарихи, этимологиялық, анықтамалық-ақпараттық зерттеу.

Қазіргі тіл білімінің жаңа бағыт және салаларының қалыптасуы, этно-және антропоцентристік бағыт тұрғысынан лингвистикалық мәселелерді шешу

ономастикалық зерттеулерді этноспен байланыстыра әртүрлі ономастикалық бірліктерді анықтауда жаңа деңгейге көтерілгенін танимыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. Сағидолдақызы Г. Түркі (қазақ) және моңғол халықтарының тарихи-мәдени байланыстарының топонимияда бейнеленуі. – Алматы, 2000. – 252 б.

2. Аронов Қ.Ғ. Қазақ тіліндегі кейбір халықтық космонимдердің этнолингвистикалық табиғаты//Хабаршы тіл, әдебиет сер. – Алматы, № 5, 1992. – С. 3-13. 3. Ахметжанова Ф.Р., Әлімхан А. Шығыс Қазақстан жер-су атаулары. – Өскемен, 2000. – 103 б.

3. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы: Ғылым, 1999.

4. Аманжолов А.С. Түркіфилологиясыжәнежазутарихы. – Алматы: Санат, 1996.

5. Аронов Қ.Ғ. Қазақ тіліндегі кейбір халықтық космонимдердің этнолингвистикалық табиғаты//Хабаршы тіл, әдебиет сер. № 5, 1992. – Б. 3-13.

6. Ахметжанова Ф.Р., Әлімхан А. Шығыс Қазақстан жер-су атаулары. – Өскемен, 2000. – 103 б.

В статье рассматриваются история, изученность ономастической науки, мнения ученых о ней. Рассматриваются труды, исследовавшие с научной точки зрения методы классификации топонимических названий. Дифференцированы национальные особенности топонимии. Дано всестороннее пояснение аспектам исследования ономастических единиц.

Ключевые слова: ономастика, топонимика, национальный топоним, аспекты, методы и приемы, ономастическая классификация, названия земель и вод, казахские топонимы, ученые, лингвистика.

The article discusses the history, knowledge of onomastic science, the opinions of scientists about it. The works, which have studied the methods of classification of toponymic names from the scientific point of view are considered. National features of toponymy are differentiated. A comprehensive explanation of the research aspects of onomastic units is given.

Keywords: onomastics, toponymy, national toponym, aspects, methods and techniques, onomastic classification, names of lands and waters, Kazakh toponyms, scientists, linguistics.

УДК 796.01:159.9

Б.Б. Нурманов, старший преподаватель кафедры физической подготовки и спорта Военного института Национальной гвардии Республики Казахстан, майор.

М.Т. Нусупов, старший преподаватель кафедры физической подготовки и спорта Военного института Национальной гвардии Республики Казахстан, подполковник.

М.С. Бримжанов, преподаватель кафедры физической подготовки и спорта Военного института Национальной гвардии Республики Казахстан, подполковник.

РУКОПАШНЫЙ БОЙ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ПСИХОЭМОЦИОНАЛЬНОЙ УСТОЙЧИВОСТИ ВОЕННОСЛУЖАЩИХ

В данной статье рассматривается теоретическое и экспериментальное обоснование содержательных и организационно-методических особенностей формирования психоэмоциональной устойчивости военнослужащих на основе овладения приемами рукопашного боя в учебных условиях и их применения в специально созданных экстремальных условиях.

Ключевые слова: рукопашный бой, психоэмоциональная устойчивость, морально-волевые качества, военно-профессиональная деятельность.

Актуальность статьи. Совершенство межконтинентального высокоточного оружия, его беспредельная поражающая сила не исключают возможность ситуации ближнего боя, которая и сегодня остается завершающей фазой организованного вооруженного противостояния. Командные пункты, узлы связи, места дислокации военной техники, вооружения и пусковых установок остаются уязвимыми объектами при воздействии на них разведывательных и диверсионных групп противника с применением средств рукопашного боя. Караулы и военные патрули, выполняющие функции охраны объектов и обеспечения общественного порядка, продолжают подвергаться нападению со стороны террористических, преступных и экстремистских групп. Применение огнестрельного оружия военнослужащими при этом сопряжено с опасностью для мирных граждан. Противоборство в этом случае допускается лишь в форме рукопашной схватки. В связи с отмеченным, одним из компонентов успешности военной службы является готовность военнослужащего к рукопашному бою, которую сложно сформировать в современных условиях сокращения сроков военной службы.

Рукопашный бой как вид спорта представляет собой вид единоборства, когда действия бойцов направлены на преодоление сопротивления партнера. Именно эта особенность делает рукопашный бой ценным прикладным видом спорта и создает широкие возможности для развития таких физических качеств, как быстрота, координированность, выносливость, а также для формирования морально-волевых качеств человека [1].

Успешное противостояние отрицательному влиянию экстремальных факторов военной службы определяется наличием у военнослужащего специальных знаний, навыков военно-прикладных двигательных действий, его психоэмоциональной устойчивостью. Отмеченное определяет необходимость научного обеспечения процесса формирования психической и физической готовности военнослужащего действиям к экстремальным условиям.

Новизна заключается в том, что теоретически обосновано место и значение рукопашного боя не как средства защиты (нападения), не как средства физического развития военнослужащего, а как средства формирования их психо-эмоциональной устойчивости, подход к подбору и применению средств родственных видов единоборств для двигательного совершенствования в рукопашном бою по принципу положительного переноса навыка [3].

Изучение рукопашного боя как раздела физической подготовки и формы ведения вооруженной борьбы позволяет выявить его тесную взаимосвязь с развитием вооружения, военной техники и способов ведения боевых действий. В XX веке по мере совершенствования оружия массового поражения рукопашный бой трансформировался в тематический раздел или предмет боевой подготовки, раздел физической подготовки и военно-прикладной вид спорта. В полной мере сохранилась его психологическая значимость как средства формирования морально-боевых качеств и психоэмоциональной устойчивости к ряду стрессовых факторов ближнего боя, к сближению с противником и уверенности в победе над ним в рукопашной схватке. Поэтому можно с уверенностью констатировать, что рукопашный бой и спортивные единоборства будут и в дальнейшем занимать важное место в боевой подготовке, в системе воинского обучения и воспитания [4].

Опыт локальных конфликтов последних десятилетий позволяет утверждать, что, несмотря на несомненную значимость постоянно прогрессирующей военной техники, рукопашный бой остается приоритетным средством физической, военно-прикладной и психологической подготовки и ведения боевых действий. Психологическая значимость рукопашного боя как важнейшего средства формирования морально-боевых качеств, психической готовности к контактному противостоянию противнику и в частности, психоэмоциональной устойчивости к стрессовым факторам ближнего боя остается неизменно высокой [2].

Сущность современной теории «адаптации» и «переноса тренированности – подготовленности» позволяют сделать заключение о необходимости включения в физическую подготовку курсантов военных вузов упражнений, которые по структуре проявления психологических и двигательных качеств, механизму энергообеспечения, кинематическим и динамическим характеристикам имеют сходство с их основными профессиональными действиями, но применительно к экспериментальным ситуациям их прикладного применения.

Любая военно-профессиональная деятельность требует от военнослужащих одновременного проявления взаимосвязи силы и гибкости, выносливости и быстроты и, кроме того, способности согласовывать и

соизмерять движения различными звеньями тела во времени и пространстве с величиной прилагаемых мышечных усилий. Всё это сочетает в себе военизированная психологическая полоса препятствий в комплексе с военно-прикладными упражнениями и средствами имитации современного боя и реально используемыми в бою средствами. Кроме того, она требует высокого уровня проявления физической выносливости, развития ловкости, устойчивости соматических вестибулярных реакций, психических качеств. Поэтому применение такой психологической полосы препятствий в комплексе с военно-прикладными упражнениями и средствами имитации боя, безусловно, призваны повышать уровень военно-профессиональной подготовленности, способствовать формированию у военнослужащих уверенности в собственных силах и значительно повышают интерес к занятиям.

Было установлено, что полный цикл обучения курсантов должен включать три основных этапа развития психоэмоциональной устойчивости.

Первый этап – формирование базовых навыков военно-прикладных действий: преодоление препятствий, овладение техникой элементов рукопашного боя, ускоренное передвижение по условиям НФП-2016 г.

Второй этап – формирование специальных двигательных навыков военно-прикладного характера: преодоление препятствий, рукопашный бой, ускоренное передвижение на фоне предварительной физической нагрузки, в средствах химической защиты, преодоление препятствий при неблагоприятных климатических условиях (в дождь, снег, сильный ветер) и в различное время суток (в сумерках, ночью). В качестве основных методов целесообразны соревновательный и повторно-соревновательный.

Третий этап – создание экстремальных условий, моделирующих специфику современного боя с элементами неожиданных ситуаций. Основным средством должен стать комплекс упражнений: в преодолении естественных и искусственных препятствий, рукопашного боя, ускоренного передвижения в различное время суток, в условиях, характерных для обороны противника, действий, выполняемых в сочетании с проволочными заграждениями, стрельбой, метании гранат с применением имитационных средств.

Достоверно установлено, что комплексное использование военно-прикладных навыков (преодоление препятствий, рукопашного боя) со средствами имитации применения современного оружия и боеприпасов (взрывпакеты, дымовые шашки, холостые патроны и выстрелы, средства звуковещания с фонотеками звуковой картины боя, сигнальные и осветительные ракеты) способствуют повышению психоэмоциональной устойчивости курсантов к экстремальным условиям служебной деятельности.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Абраменко, А.А. Физическая подготовка сотрудников сводных отрядов МВД РФ к экстремальным условиям служебно-боевой деятельности (на примере Северо-Кавказского региона): Дис. канд. пед. наук. / А.А. Абраменко. – СПб.: ВИФК, 2002. – 226 с.

2. Бурцев, Г.А. Научно-теоретические основы физической подготовки подразделений специального назначения по борьбе с терроризмом. Дис...док. пед. наук. / Г.А.Бурцев. – СПб.: ВИФК, 1996. – С. 201-203.

3. Быков, Н.Н. Психологические аспекты физической подготовки курсантов вузов (статья). Тезисы докладов НПК РВИ РВ. / Н.Н. Быков. – Ростов-на-Дону: 2001. – С. 12 - 13.

4. Пилюян, Р.А. Индивидуализация подготовки спортсменов в видах единоборств: Автореф. дисс. ...докт. пед. наук. / Р.А. Пилюян. – М.: 1985. – 50 с.

Осы мақалада әскери қызметшілердің қоян-қолтық ұрыс тәсілдерін оқу талаптарында және оларды арнайы жасалған экстремалдық жағдайда меңгеру теоретикалық және эксперименталдық дәйектеме мазмұны және ұйымдастыру-әдістемелік айрықшалық қалыптасу, психоэмоционалдық тұрақтылықтары қарастырылады.

Өзекті сөз: қоян-қолтық ұрыс, психо-эмоционалдық тұрақтылық, моральдық-жігерлік сапа, әскери-кәсіби қайраткерлік.

In the article theoretical and experimental substantiation of informal and organizational-methodical peculiarities of forming psycho-emotional stability of servicemen on the basis of mastering the techniques of hand-to-hand fight in educational conditions and their use in specially organized extremely conditions are considered.

Key words: hand to hand fight, psycho-emotional stability, moral-will qualities, military-professional activities.

Уважаемые авторы!

Редакционная коллегия научно-образовательного журнала «**Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институтының ХАБАРШЫСЫ**» – «**ВЕСТНИК Военного института Национальной гвардии Республики Казахстан**» просит Вас внимательно отнестись к соблюдению правил оформления научных статей, с целью обеспечения соответствия требованиям международных баз цитирования, вступление в которые является приоритетной задачей журнала.

Журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство № 14996-Ж от 12 декабря 2014 г.

Периодичность выпуска – 4 раза в год (один раз в квартал).

Рубрики журнала:

1. Теория национальной безопасности.
2. История. Тактика и оперативное искусство.
3. Техника и вооружение. Войсковой тыл.
4. Теория и методика образования и воспитания.

ТРЕБОВАНИЯ К НАУЧНОЙ СТАТЬЕ

1. Статьи публикуются на казахском, русском или английском языках объемом не более 7 страниц. Тема статьи должна соответствовать одной из рубрик журнала. Процент авторского текста (проверка антиплагиат-системы) не менее 75 %. Статья представляется в редакционную коллегию в электронном и распечатанном виде в одном экземпляре.

К научной статье прилагаются:

- выписка из протокола заседания кафедры о рекомендации научной статьи к публикации
- рецензии двух ученых и специалистов по тематике статьи (кроме кандидатов и докторов наук, докторов Phd.)
- экспертное заключение о публикации статьи в открытой печати.

2. Оформление статьи должно соответствовать следующим требованиям: формат текста – MSWord (*.doc; *.docx); формат страницы – А4 (210*297 мм); поля – 2 см со всех сторон; шрифт: размер (кегель) – 14; тип – TimesNewRoman; отступ первой строки абзаца – 1,25 см; выравнивание текста по ширине, межстрочный интервал – 1. На первой странице в левом верхнем углу располагается УДК. После индекса УДК – сведения об авторах: фамилия, имя, отчество всех авторов, полное название организации – места работы, ученая степень, ученое звание; адрес электронной почты автора. Заголовок статьи располагается по центру прописными буквами. После заголовка – аннотация и ключевые слова. После аннотации и ключевых слов – текст статьи; после текста статьи – список литературы (его наличие обязательно), на которые в статье даются ссылки в квадратных скобках, оформленный в соответствии с ГОСТ 7.1-2003. После списка литературы резюме на английском и русском (или казахском) языках.

3. Название и номера рисунков и таблиц оформляются в соответствии с требованиями ГОСТ 7.1-2003.

Статьи высылать по электронному адресу vno@vivv.kz или по адресу: 150009, г. Петропавловск, ул. Ж. Кизатова, 6. Военный институт Национальной гвардии Республики Казахстан Военно-научный отдел.

ОБРАЗЕЦ СТАТЬИ

УДК 37.035.7

А.А. Иванов, профессор кафедры педагогики Орского государственного педагогического университета, доктор педагогических наук, профессор.

СООТНОШЕНИЕ ЛИЧНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО И СОЦИАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО В ВОЕННО- ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ ВОСПИТАНИИ КУРСАНТОВ

В представленной статье рассматривается необходимость соблюдения баланса между личностно-ориентированным и социально-ориентированным образованием как единственного условия, обеспечивающего глубокое усвоение образовательных ценностей курсантами военных вузов.

Ключевые слова: личностно-ориентированное образование, социально-ориентированное образование, курсант военного вуза, личностные ценности, социальные ценности, военно-профессиональное воспитание.

В последнее время в педагогической науке все чаще ставится вопрос об эффективности уклона в сторону личностно-ориентированного образования в ущерб его социальности. Однако, по мнению некоторых современных авторов педагогических исследований (Д.М. Воронов, А.М. Саганаев, Б.Т. Тухватуллин, и др.), необходим баланс между личностно-ориентированным и социально-ориентированным образованием, поскольку только он обеспечивает глубокое усвоение образовательных ценностей будущими офицерами. Наличие такого баланса, по нашему мнению, отражает социокультурные вызовы современной военно-профессиональной школе и выводит на понимание личностной и социальной сущности современного образования как образования в особой культурно-образовательной среде, соединяющей в себе личностные ценности учения и социальные ценности обучаемых.

В работах многих авторов современных педагогических исследований [1, с. 14], [3, с. 16], [6, с. 15] и др. отмечается, что основой личностной и общественной направленности человека являются его ценностные ориентации.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Абакумова, Н. Н. Компетентностный подход в образовании: организация и диагностика [Текст] / Н. Н. Абакумова, И. Ю. Малкова. – Томск: Томский государственный университет, 2007. – 368 с.

2. Ахметгареев, Р. А. Интегративные военно-профессиональные задачи в системе подготовки курсантов высших военных учебных заведений: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08 / Ахметгареев Ринат Ахатович. – Казань, 2000. – 180 с.

3. Баяхметов, С. У. Модель формирования профессионально-личностного саморазвития курсантов в военном вузе / С. У. Баяхметов // Сибирский педагогический журнал. – Новосибирск. – 2016. – № 2. – С. 64-69.

4. Профессиональное обучение [Текст]: учеб. пособ. / под ред.: В. Д. Симоненко, М. В. Ретивых. – Брянск: изд-во БГУ, 2003; То же [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.pedlib.ru/>

Осы мақалада әскери оқу орындарының курсанттарының білім құндылықтарын терең меңгерулерін қамтамасыз ететін жалғыз шарты болып саналатын жеке-бағдарланған және әлеуметтік-бағдарланған білім берудің арасындағы теңгерімді сақтау қажеттігі қарастырылады.

This article examines the need to balance the personality-oriented and socially-oriented education as the only condition that ensures the profound assimilation of educational values by cadets of military higher educational institutions.

Басуға 18.12.2019 ж. қол қойылды. Форматы 60x84/8.
Офсет басылымы. Офсет қағазы. 7.4 есепті баспа табағы.
Таралымы 500 дана.

Баспахананың мекен-жайы: 150009, Петропавл қ., Ж. Кизатов к., 6,
Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты.
Әскери-ғылыми бөлімі.

Подписано в печать 18.12.2019 г. Формат 60x84/8
Печать офсетная. Бумага офсетная. Уч.-изд. л. 7.4 п.л.
Тираж 500 экз.

Адрес типографии: 150009, г. Петропавловск, ул. Ж. Кизатова, 6,
Военный институт Национальной гвардии Республики Казахстан.
Военно-научный отдел.